



ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы
1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық
апталық

qazaqsporty.kz

№9-10 (5361)
18 наурыз 2022 жыл

Газет жұма
күні шығады

kazakh_sporty@mail.ru

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ»



Астана

Қымбатты отандастар! Қадірлі қауым!

Бүгінгі Жолдаудың мән-маңызы айрықша. Оның арқалайтын жүгі бір жылмен шектелмейді, ауқымы кең, мазмұны да бөлек. Біз алдымызға биік мақсаттар қойып отырмыз. Өздеріңізбен бірге Жаңа Қазақстанды құруға кірістік.

Баршаңызға мәлім, былтыр егемендіктің маңызды белесіне жеттік. Тарихи өлшеммен қарағанда 30 жыл тым көп уақыт емес. Халқымыз Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен осы кезеңде ауқымды жұмыс атқарды, көптеген табысқа қол жеткізді.

Алайда береке-бірлігімізді сақтамасақ, жетістіктеріміздің бәрінен айырылып қалуымыз мүмкін. Қаңтардағы дүрбелең кезінде бұған көзіміз анық жетті. Бұл оқиғалар бүкіл қоғамды дүр сілкіндірді. Халқымыз бұрын-соңды болмаған қауіп-қатермен бетпе-бет келді. Мемлекетіміздің тұтастығына және егемендігімізге зор қауіп төнді. Осы күндерде жұртымыз Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін жан-жүрегімен сезінді. Татулық пен тұрақтылық, тыныштық пен бейбітшілік қаншалықты маңызды екенін жете түсінді.

Біз мызғымас бірліктің арқасында мемлекетімізді қорғап қалдық. Уақтылы және батыл шешім қабылдап, лаңкестерге тойтарыс бердік.

Мен қашанда бәрін ашық айтып жүрмін. Индет кезінде қалыптасқан ахуал жөнінде жұртшылыққа үнемі ақпарат беріп отырдым. Кешегі қатерлі күндерде Мемлекет басшысы ретінде халыққа арнап бірнеше үндеу жасадым. Барлық жағдайды азаматтарымызға жан-жақты түсіндіріп, жеткіздім. Әрбір шешімді еліміздің мүддесіне сай қабылдадым. Бұл – мен үшін бұлжымас ұстаным.

Өкінішке қарай, бүлікшілердің, қарақшылардың, лаңкестердің кесірінен қаншама азаматымыз қаза болды. Мен қара жамылған отбасылардың қайғысына ортақтасып, тағы да көңіл айтамын. Біз мұндай жағдай енді ешқашан қайталанбауы үшін бәрін жасаймыз.

Қазақта «Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ» деген сөз бар. Біздің парызымыз – қанды қылмыс жасалғанын ұмытпай, барлық содырлар мен лаңкестерді жазаға тарту. Халқымыз осы оқиғадан сабақ ала білуі керек. Елдің тыныштығын бұзып, қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін әрекетке ешқашан жол бермеуге тиіспіз.

Ашығын айтсақ, қазір қоғамда түрлі қалыптасып, елді адастырады. Сондықтан өткен оқиғалар туралы нақты мәліметті жариялап, оған баға беру өте маңызды. Тіпті қасиетті парызымыз деуге болады. Жұрт оның астарына үңіліп, себебін терең түсінуі қажет.

Күні кеше ғана Парламент қабырғасында арнайы тыңдау өтті. Онда құқық қорғау органдары тергеу қорытындылары туралы толық есеп берді. Турасын айтқанда, мұндай кең ауқымды талқылау ешқашан болмаған. Депутаттарға және бұқаралық ақпарат құралдарына бәрі ашық айтылды. Қоғамды мазалаған сұрақтарға жауап берілді. Бұл қаңтар оқиғасына әділ баға беруге, ең алдымен, биліктің мүдделі екенін көрсетеді. Мен мұны толық қолдаймын, біз ақиқатты айтуымыз керек. Бұл – менің жеке қағидатым.

Қазір тергеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осы мәселемен арнайы мекемеаралық шұғыл тергеу тобы айналысуда. Құқық қорғау органдарына жасалып жатқан жұмыс нәтижесін үнемі жариялап отыруды тапсырамын.

→ 6-8

БЕЙЖІҢ ПАРАЛИМПИАДАСЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ



МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ МЕН
ҰЛТТЫҚ ПАРАЛИМПИАДА
КОМИТЕТІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
СПОРТШЫЛАРДЫҢ
БЕЙЖІНДЕГІ ОЙЫНДАРҒА
ҚАТЫСУЫНЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРДЫ.
ЕЛОРДАДА ӨТКЕН ҚОРЫ-
ТЫНДЫ БАСПАСӨЗ
МӘСЛИХАТЫНА СПОРТ
ЖӘНЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ІСТЕРІ КОМИТЕТІНІҢ
ТӨРАҒАСЫ САМАТ ЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ XIII ҚЫСҚЫ
ПАРАЛИМПИАДАНЫҢ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРІ
АЛЕКСАНДР ГЕРЛИЦ ҚАТЫСТЫ.

«4-13 наурыз аралығында Қытайда өткен XIII Қысқы Паралимпия ойындарында Қазақстан құрамасы бір қола медальға ие болып, 53 мемлекеттің ішінде жалпыкомандалық есепте 17-орынға тұрақтады. Паралимпиадада 700-ден астам спортшы спорттың 6 түрінен 78 медаль жиынтығын сарапқа салды. Оның ішінде біздің спортшылар 12 медаль жиынтығы бойынша жарыс жолына шықты. Паралимпиадада ел намысын 5 спортшымыз қорғады», деп еске салды Самат Ерғалиев.

Оның айтуынша, министрлік паралимпиадалық қозғалысты қолдау бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде. Атап айтқанда, спорт түрлерін саралау ережелеріне сәйкес барлық паралимпиадалық спорт түрлері «А» тобына және «басым» спорт түрлерінің қатарына жатқызылып, бірінші кезекте қаржыландырылатын болды. Бұдан басқа, спорттық нәтижелерді ескере отырып, жақын арада ұлттық құраманың жаттықтырушылары мен спортшыларының жалақысын арттыру мәселесі қаралады.

«2016 жылғы Рио Паралимпиадасынан бастап Паралимпиада және Сурдоломпиада ойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің қаржылай сыйақылары өсіп, олимпиадалық спорт түрлерімен теңесті. Сонымен қатар алдағы таңда спорттық нәтижелерді ескере отырып ұлттық құрама жаттықтырушылары мен спортшыларының жалақыларын көтеру мәселесі қарастырылады», деді комитет басшысы.

→ 2



Газетіміздің келесі саны
31 наурызда шығады

БАСПАСӨЗ-2022



Мырзағали АЙТЖАНОВ,
боксан өлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, «Қазақ спорты» газетіне 2022 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазушылар үшін – **64190**, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – **14190**.

ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

«Қазпошта»						
Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары: - жеке жазылушылар үшін - кәсіпорындар мен ұйымдар үшін - жеңілдікпен жазылу	1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
64190	Жеке жазылушылар үшін	446,25	1338,75	2677,50	5355,00	Қала
		464,87	1394,61	2789,22	5578,44	Аудан/ауыл
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	686,25	2058,75	4117,50	8235,00	Қала
		704,87	2114,61	4229,22	8458,44	Аудан/ауыл

«Эврика пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00	

«Еуразия пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00	

«Бектұрғанов»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00	

БЕЙЖІҢ ПАРАЛИМПИАДАСЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

← 1

Сондай-ақ ол Бейжіңдегі паралимпиада ойындарында 10 шақырымдық жарыста қола жүлде алған биатлоншы Александр Герлицке пәтер берілетінін айтты. «Бейжіңдегі Паралимпиаданың қорытындысы бойынша спортшылар мен жаттықтырушылар мемлекеттен 131 млн теңге алады және «Дене шынықтыру және спорт саласы туралы» Заңға сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі тарапынан Александр Герлицке бір бөлмелі пәтер беріледі», деді Самат Ерғалиев.

Өз кезегінде Александр Герлиц қазақстандықтарға қолдау көрсеткені үшін алғыс айтып, құраманың барлық жаттықтырушылар штабының үйлесімді және кәсіби жұмысын атап өтті. Бүгінде паралимпиялық спорт түрлері бойынша елімізде 15 спорт түрі кеңінен дамытылуда. Бүгінде ұлттық құрама қатарында 484 спортшы бар. Олармен 34 бас және аға жаттықтырушы жұмыс істейді. Ал штаттағы спортшылардың саны – 112. Елімізде мүмкіндігі шектеулі тұлғалар арасында 15 паралимпиадалық, 21 сурдолимпиадалық және Паралимпиада бағдарламасына енген сегіз спорт



түрі дамытылған. 2021 жылдың қорытындысы бойынша елімізде мүмкіндігі шектеулі адамдардың саны – 696 825. Оның 48 565 мыңы спортпен ұдайы шұғылданады. Республика бойынша, әр өңірде мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған арнайы 17 спорттық мекеме жұмыс істейді. Айта кету керек, Александр Герлиц пара биатлонда 10 шақырым қашықтықта қола жүлде жеңіп алған болатын. 2022 жылғы Паралимпиада қорытындысы бойынша Александр Герлицке «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері» атағы берілді.

ШОТЛАНДИЯҒА ҚАРСЫ ШЫҒАТЫН ОЙЫНШЫЛАР БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАР ҚҰРАМАСЫ 2023 ЖЫЛҒЫ ЕУРОПА ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІНДЕ ШОТЛАНДИЯМЕН ОЙНАЙДЫ. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ЖАСТАР ҚҰРАМАСЫНЫҢ АҒА ЖАТТЫҚТЫРУШЫСЫ ҚАЙРАТ НҮРДӘУЛЕТОВ ОСЫ МАТЧҚА ҚАТЫСАТЫН ФУТБОЛШЫЛАРДЫҢ ЕСІМДЕРІН АТАДЫ.

ТІЗІМГЕ ЕНГЕН ОЙЫНШЫЛАРДЫҢ САНЫ – 24.

Қақпашылар: Темірлан Анарбеков («Қайрат»), Вадим Петров («Қызыл-Жар»), Қажымұқан Төлепберген («Ордабасы»);
Қорғаушылар: Арсен Буранчиев, Дамир Қасаболат, Егор Ткаченко (барлығы – «Қайрат»), Сағи Совет («Астана»), Лев Скворцов («Тұран»), Жалғас Жақсылықов («Тараз»), Дінмұхаммед Қашкен («Жальгирис»), Литва), Александр Ширококов («Қайрат-Мәскеу», Ресей);
Жартылай қорғаушылар: Сұлтан Сағынаев, Станислав Басманов (екеуі де – «Астана»), Еркебұлан Сейдахмет, Данияр Үсенов (екеуі де – «Қайрат»), Эльхан Астанов («Ордабасы»), Дінмұхамед Қараман, Ерсұлтан Қалдыбеков (екеуі де – «Тараз»), Дамир Марат, Жасұлан Қайырқенов (екеуі де – «Ақсу»), Жасұлан Жұмашев («Тобыл»);
Шабуылшылар: Абылайхан Жұмабек («Тараз»), Вячеслав Швырев («Қайрат»), Мирас Тұрлыбек («Ақсу»);
Жаттықтырушылар штабы: Қайрат Нұрдәулетов – аға бапкер, Асқар Ыдырысов – аға бапкердің көмекшісі, Нұрбол Жұмасқалиев – аға бапкердің көмекшісі, Юрий Новиков – қақпашылардың жаттықтырушысы.

Жаттықтырушылар штабы алдағы ойында жастар құрамасының бірқатар негізгі ойыншының көмегіне жүгіне алмайды. Ескертулер санының шамадан тыс болуына байланысты қақпашы

Данил Устименко мен қорғаушы Әділбек Жұмаханов кездесуге қатыспайды. «Ақтөбеде» ойнайтын Максим Самородов жаракатынан толық айыққан жоқ. Жартылай қорғаушылар Арман Кеңесов

пен Абылайхан Назымханов ұлттық құраманың қатарына шақырту алды. Қазақстан мен Шотландия жастар құрамалары арасындағы ойын 29 наурыз күні Алматының «Орталық»

стадионында өтеді. Матч Нұр-Сұлтан уақытымен 17:00-де басталады. Айта кетейік, 21 жасқа дейінгі Қазақстан жастар құрамасы Шотландиямен болатын ойынға дайындықты 18 наурыз

күні бастайды. Талғарда өтетін оқу-жаттығу жиыны аясында Қ.Нұрдәулетов командасы Қырғызстанның олимпиадалық құрамасымен U-23 жолдастық матч өткізуді жоспарлап отыр.



«ПО ТАКОЙ ЖЕ СХЕМЕ ИГРАЕТ «БАВАРИЯ» КАРПОВИЧ – О РАБОТЕ В СБОРНОЙ, СИТУАЦИИ С НАПАДАЮЩИМИ И МАТЧАХ КАЗАХСТАНА В ЛИГЕ НАЦИЙ

НОВЫЙ ГЛАВНЫЙ ТРЕНЕР СБОРНОЙ КАЗАХСТАНА ПО ФУТБОЛУ АНДРЕЙ КАРПОВИЧ ВЫСКАЗАЛСЯ О СВОЕМ НАЗНАЧЕНИИ, ПРОЯСНИЛ СИТУАЦИЮ ВОКРУГ АЛЕКСАНДРА МЕРКЕЛЯ И НАТУРАЛИЗАЦИИ ЖОАО ПАУЛО, А ТАКЖЕ ПРОКОММЕНТИРОВАЛ ПОЛОЖЕНИЕ ДЕЛ В НАЦИОНАЛЬНОЙ КОМАНДЕ. КАРПОВИЧ БУДЕТ ГОТОВИТЬ СБОРНУЮ К СТЫКОВЫМ МАТЧАМ ЛИГИ НАЦИЙ ПРОТИВ МОЛДОВЫ, КОТОРЫЕ ПРОЙДУТ 24 (В КИШИНЕВЕ) И 29 МАРТА (В НУР-СУЛТАНЕ). НА ПОСТУ ГЛАВНОГО ТРЕНЕРА ОН СМЕНИЛ ТАЛГАТА БАЙСУФИНОВА, КОТОРЫЙ УШЕЛ В НАЧАЛЕ МАРТА.

– Андрей Владимирович, вы достаточно молодой тренер и согласились пойти в сборную. Почему вас привлекает эта работа?
– Не важно, сколько тебе лет и какой опыт за плечами, работу в сборной нужно всегда рассматривать как большую честь, а не каторгу. Это возможность испытать себя на другом уровне, получить другие эмоции. В сборной работа поставлена по-другому. Планирование, тренировочный процесс, стратегия – все отличается от клубной работы. Мне кажется, что любой казахстанский специалист хотел бы оказаться на моем месте сегодня, несмотря на всю сложность ситуации и отсутствие времени на подготовку.
– Сейчас вы исполняющий обязанности. Если будет итоговый позитивный результат с Молдовой, вы полностью сосредоточитесь на работе со сборной или будет возможность объединения постов?
– Если честно, детально об этом вопросе я не задумывался. Мы, конечно же, с президентом федерации обговорили потенциальные перспективы. Но я предпочитаю сосредоточиться на предстоящем противостоянии с Молдовой. Сейчас это задача номер один, другой нет.
Что касается совмещения постов, то глобально я против такого. Считаю, что тренер должен быть сосредоточен только на одной команде и два поста могут навредить не только самому специалисту, но и командам.
Но пока я для себя такой выбор не делал. Кратко объясню почему: мне сказали, что надо помочь сборной в предстоящих матчах с Молдовой. Когда зовет сборная, я не могу оставаться безучастным. Так было и в моей игровой карьере. А что будет потом – узнаем после.
– Был ли у вас разговор с Байсуфиновым по сборной?

– Был обмен мнениями на недавнем матче в Турции между сборной Казахстана и сборной легионеров КПЛ. Кстати говоря, это вот как раз тот случай, о котором я говорил выше: меня попросили помочь сборной Казахстана, возглавив ее соперника и максимально смоделировав игру Молдовы. Сами понимаете, это было параллельно работе на сборах с «Кызыл-Жаром». Тем не менее время мы нашли и постарались сделать все, чтобы помочь нашей команде.
А после назначения, по сути, мы не беседовали в широком понимании этого слова. Пересеклись в офисе КФФ, Талгат Маруанович искренне пожелал удачи, я поблагодарил его. Я знаю, что при необходимости всегда могу обратиться к нему по любому вопросу, и он не откажет мне, ведь Талгат Маруанович искренне любит сборную Казахстана.
– Понятно, что схема зависит от набора игроков, но «Кызыл-Жар» под вашим руководством и сборная в последние годы играют исключительно с тремя центральными защитниками. Эта тенденция продолжится?
– Любая схема – это условность, изначальное расположение игроков. Как она может трансформироваться и что в себе нести – это уже другой вопрос. Если вы следите за Бундеслигой, то наверняка заметили, что последние свои матчи в такой же схеме играет «Бавария». Но разве стала ее игра от этого менее атакующей? Они в плей-офф Лиги чемпионов забивают 7 мячей с тремя центральными защитниками. Если обратили внимание, то и в нашем чемпионате большинство клубов используют модель игры с тремя центральными защитниками.
Полагаю, что с моей стороны будет опрометчивым шагом вводить что-то новое или перестраивать уже налаботанное. У нас будет лишь два дня на



восстановление после тура, две полноценные тренировки и одна предыгровая. Сами понимаете, что в столь сжатые сроки экспериментировать никто не станет.
– По информации из некоторых источников, нападающий «Кайрата» Жоао Пауло получил казахстанский паспорт. Рассматриваете ли его кандидатуру для вызова в сборную?
– Эти источники ввели вас в заблуждение, у Жоао Пауло пока нет казахстанского паспорта. Хотя такой мастер помог бы нашей команде.
– В целом беспокоит ли вас ситуация с нападающими, ведь за сборную среди форвардов последний раз забивал Аймбетов и было это почти два года назад?
– Все прекрасно знают, что у нашей сборной в последние годы были большие сложности именно в этой линии. Но сегодня в нашем списке есть 5 нападающих, причем разного плана. Не все из них попадут в окончательную заявку. Выбирать есть из кого. Но если смотреть персонально каждого, то в этом месяце голом отметился пока только Айбар Жаксылыков. Это тоже не может не беспокоить. Но впереди есть еще один тур, посмотрим на ребят, будем определяться после.
– Обсуждали ли вы с федерацией вопрос с документами Александра Меркеля? Есть ли на данный момент возможность его вызвать?
– Да, я говорил на эту тему с Алексом. Пока проблемы с документами все еще

существуют, и мы не можем на него рассчитывать в ближайших матчах.
– Как оцениваете старт карьеры Алипа в РПЛ? Пока он сыграл не так много, и не факт, что получит больше практики до перерыва на матчи сборных. Может ли это повлиять на решение по вызову или, находясь в столь конкурентной среде, он так или иначе заслуживает вызова?
– Я и сам был в ситуации Алипа, когда играл в московском «Динамо». Поэтому знаю, что если ты мало играешь, то это не значит, что ты не готов. Главное для нас – он находится в хорошей форме и в хорошей конкурентной среде. Получить игровое время в таком клубе, как «Зенит», – сложная задача. Но Уралы еще обязательно поможет питерцам.
– Изучали ли вы игру сборной Молдовы? Что вам прежде всего бросилось в глаза?
– Да, определенной информацией мы уже обладаем, детально же будем изучать ее еще раз уже непосредственно в дни подготовки. Мой штаб ведет работу по всем направлениям, анализ идет постоянный. Могу сказать лишь, что этот соперник нам по зубам. Но и недооценки с нашей стороны быть не должно. Просто посмотрите их состав, почти все игроки сборной Молдовы выступают в зарубежных чемпионатах, даже из Серии А есть представитель. Нас ждут два сложных матча.
– Учитывая короткий срок подготовки к играм сборной, очевидно, что

значительно изменить рисунок игры у вас не будет возможности. В связи с этим можно сказать, что в такой ситуации вам необходимо проявить себя как тренер-мотиватор?
– Если очень сузить и упростить работу тренера, то да, необходимо подобрать правильную стратегию игры, определить наиболее оптимальный состав для этой стратегии и найти правильные слова для ребят. На деле все, конечно же, сложнее.
– Сам факт того, что мы играем стыки дабы не вылететь в дивизион Д, - это реальное состояние нашей команды или стечение обстоятельств?
– Имеем дело с тем, что имеем. Будем работать, чтобы извлечь максимально положительный результат.
– Можно сказать, что вы рискуете, ведь два матча с Молдовой могут как укрепить вашу тренерскую репутацию, так и сильно ее испортить, в зависимости от результата?
– Это футбол. Здесь возможны победы и поражения. Важно уметь извлекать уроки. Но мы сконцентрированы на предстоящих играх, сделаем все, чтобы план на игру сработал.
– С чем, по вашему мнению, связано такое решение – о смене тренера – перед важными матчами. Почему именно сейчас, а не после игр с Молдовой?
– Это решение руководства федерации. Из своего игрового опыта знаю, что такое смена тренера. Этот шаг всегда имеет эффект некоего стресса. Возможно, это такая попытка психологически встряхнуть команду перед важными матчами. Но это лишь мои предположения.
– Что, на ваш взгляд, отличает вас от других кандидатов на пост главного тренера сборной?
– Считаю, что говорить о каких-то своих преимуществах не совсем корректно. Во-вторых, я не знаю, кто был еще в числе кандидатов.
– Какой вы видите сборную?
– Я хочу ее видеть сражающейся, неравнодушной, смелой, умеющей побеждать. И постараюсь сделать все, чтобы именно такой она и была.

Ералы ТОҒЖАНОВ:

ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА СПОРТ САЛАСЫНДАҒЫ
БІРАЗ ПРОБЛЕМАНЫҢ БЕТІН АШТЫ

ЖАҚЫНДА МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ АЛҚА МӘЖІЛІСІ ӨТТІ. ҮКІМЕТТЕ ОСЫ САЛАҒА КУРАТОРЛЫҚ ЕТЕТІН ВИЦЕ-ПРЕМЬЕР ЕРАЛЫ ТОҒЖАНОВ ЖИЫНДА БІРАЗ МӘСЕЛЕНІ КӨТЕРДІ.

СӨЗДЕН ІСКЕ КӨШЕТІН
КЕЗ КЕЛДІ

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сүйене отырып, 2025 жылға дейін халықтың жартысын дене шынықтырумен қамту көзделіп отыр. Осыған байланысты олардың қалай және қандай критерийлерге сәйкес есептелетіні мен үшін әлі беймәлім. Мен бұл сұрақтарды министрліктің алдына бір емес, бірнеше рет қойдым. Соны нақтылауымыз керек. Жалпылама әңгіме айналасында жұмыс істейтін заман емес. Ондай заман жоқ. Сондықтан осы мәселені бірге қарастыруымыз керек. Осы орайда министрлікке Ұлттық статистика бюросымен бірлесіп спортпен, оның ішінде дене шынықтырумен шұғылданатын адамдардың санын есептеудің нақты әдістемесін бекітуді тапсырамын.

ФЕДЕРАЦИЯЛАРДЫҢ
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІН
КҮШЕЙТУ ҚАЖЕТ

Аккредиттелген спорт федерацияларының жауапкершілігін күшейту қажет. Мемлекеттік тапсырыс аясында 2018 жылдан 2021 жылға дейін Ұлттық олимпиада комитеті мен федерацияларға 65 миллиард теңге бөлінді. Бірақ спорттың көптеген түрінен оң динамика байқалмайды. Федерациялар қызметін бағалаудың нақты критерийлері болмауы салдарынан қаражат тиімсіз жаратылып жатқан сияқты. Бұл бүгінгі күні жұмыс істеуіміз

қажетті ең маңызды мәселелердің бірі.

Осыған орай әрбір олимпиадалық циклге арналған меморандумдарды федерациялармен рәсімдеу тәжірибесін енгізуді тапсырамын. Осы жылдан бастап федерацияларды мемлекеттік қаржыландыру көлемі олардың нәтижелелері мен қызметтеріне байланысты айқындалуы тиіс.

ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАНЫМЕН,
НӘТИЖЕ ЖОҚ

Былтыр елімізде 99 спорттық кешен салынды. Бұл мемлекет басшының тікелей тапсырмасы. 20 млрд теңге кәсіби спорттан бұқаралық спортқа бағытталды. 2632 балаларға арналған спорт секциясы ашылды. Спорт мектептерінің жаттықтырушыларының жалақысы 25 пайызға өсті. Мұның бәрі 2021 жылы енгізілген нақты өзгерістер. Оның ішінде дене шынықтыру пәнінен беретін мұғалімдерге қосымша сағат беріліп, көбейтілді. Бірақ нәтиже жоқ...

СПОРТШЫЛАРДЫ
ЫНТАЛАНДЫРУ КЕРЕК

Қабілетті спортшылар тиісті нормативті орындағаннан кейін даярлықтың жоғары деңгейіне өтуі тиіс. Жаттықтырушыларды өз шәкірттерін келесі деңгейге өткізгені үшін марапаттау маңызды. Бұл мәселемен біраз шұғылдандым. Жоғары деңгейге жеткен шәкірттерін көпшілігі өз қарамағында ұстауға ынталы. Сондықтан осындай ынталандыру



жүйесінсіз нақты нәтиже де болмауы мүмкін. Осы мақсатта арнайы сыйақы енгізу мәселесін пысықтауды да тапсырамын.

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ
БӨРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отандық спортты дамытуға байланысты, әсіресе бұқаралық спортты қолдау үшін арнайы талаптар қойды. Сол талаптарды жүзеге асыруымыз керек. Неғұрлым көп бүлдіршіндер жаттықса, соғұрлым бәсекелестік артатыны белгілі. Сондықтан бұл мәселелердің бәрін бірге қарастырамыз.

ЧЕМПИОНДАРҒА
ТӨЛЕНЕТІН ҚАРЖЫ КӨБЕЙЕДІ

Олимпиада чемпиондарына өмір бойы төленетін қаражат көлемі көбейеді. Бұған дейін ай сайын 70 мың төленіп келсе, енді бұл сома 4 есе өсті. Десе де спорттағы проблемалар қаржыландыруға ғана тіреліп

тұрған жоқ. Олимпиада резервін дайындаудың біртұтас жүйесін құру керек.

Қысқы Олимпиада спорт саласындағы біраз проблеманың бетін ашты. Десе де өткен істі сынаудан гөрі сабақ алу маңызды. Олимпиада резервін дайындаудың біртұтас жүйесін құру керек.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ
СЫЛТАУ ҒАНА

Олимпиадалық спорт түрлерінен алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесін зерттеп, спорт резервін дайындаудың ұлттық моделін қарастыруды тапсырамын. База жоқ, анау аз, мынау аз деген әңгімені де көтеріп жатыр. 2008-де Олимпиада Бейжіңде болған. 2012-де Лондонда, 2016 жылы Рио-де-Жанейрода керемет нәтижелерге жеттік емес пе?! Ол кезде материалдық база болды ма? Неге үлкен нәтижеге жеттік, себебі ол жерде бәрі ұйымдастырумен байланысты екенін жақсы білесіздер.

Ұйымдастыру жұмыстарынан бөлек тәжірибелі бапкерлер жоқ.

Спорт шеберлерінің пікірінше, инфраструкұрылым сылтау ғана екен.

БАС БАПКЕРДІҢ
БАЯНДАМАСЫ ҰНАМАЙ ҚАЛДЫ

Ералы Тоғжановқа жиында ауыр атлетикадан Қазақстан ерлер ұлттық құрама командасының бас жаттықтырушысы Нұржан Смахановтың баяндамасы ұнамай қалды.

Кеңейтілген алқа отырысында Нұржан Смаханов ауыр атлеттер халықаралық жарыстарға қалай дайындалып жатқанын айтты. Алайда Үкімет басшысының орынбасары бас жаттықтырушыдан саладағы нақты мәселелерді айтуды сұрады.

«Ананы, мынаны, үздіксіз дайындықты айттыңыз, «тамақпен қамтамасыз ету керек» дедіңіз. Сіз айтқан мәселелер шешіліп жатыр ма?» – деді Ералы Тоғжанов.

Нұржан Смаханов саладағы проблемалар шешімін тауып жатқанын жеткізді.

«Солардың барлығын нақтылау керек. Жалпылама әңгімені қайтеміз? Ауыр атлетикадағы өткен жетістікті барлығы біледі. Нақты мәселелерді айту керек. Бүгін алқа отырысына арнайы сол үшін келіп отырмыз. Қазір біраз азаматты тыңдадым. Барлығы жақсы. Анаған, мынаған «ракет» дейді. Қазір ракет айтатын уақыт емес. Ашығын айтқанда, бұл біздің жұмысымыз. Сондықтан нақты мәселелерді көтерейік. Допингке байланысты мәселе болды. Оны барлығыңыз жақсы білесіздер. Бұл мәселені шешу жолдары қалай? Күн тәртібінде дайындыққа байланысты қандай мәселелер тұр? Оларды шешейік. Барлық сала бойынша нақты жұмыспен айналысу керек», – деді премьер-министрдің орынбасары.

Нұртөре ЖҮСІП:

КИРИЕШКИМЕН
ҚОРЕКТЕНІП ОТЫРҒАН
БАЛАДАН ЧЕМПИОН
ШЫҒАДЫ ДЕУ ҚИЫН

ЖАҚЫНДА МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ АЛҚА ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. СОЛ ЖИЫНДА ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ ДЕПУТАТЫ НҰРТӨРЕ ЖҮСІП ЖАСТАРДЫҢ СПОРТТАН АЛЫСТАП КЕТУІНЕ ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ КӨТЕРДІ.



– Бұқаралық спортты дамытуға байланысты Президентіміздің қойған тапсырмасы – жан басына шаққандағы қаржыландыру. Бұл қайратты, мықты, жас ұрпақты тәрбиелеу мақсатынан туып отыр.

Енді осы ретте өз ұсынысымды айта кетейін.

Кеңес одағы тұсында ұзындыққа секіру, 100 метрге жүгіру деген талаптар болатын. Чемпион болмаса да, осындай шарттарды орындайтын. Қазір де соны енгізу керек секілді.

Екінші мәселе – баланың тамағы. Бүгінгі таңда кириешкимен қоректеніп отырған баладан чемпион шығады деу қиын. Сондықтан балалардың тамақтануына мән беру керек.

Үшіншісі – мектептердің спорт залдары. Тірек ауылдар деген бар. Мәдениет ошағын ауылдың бір бұрышына салады, ал мектепті екінші жағына тұрғызады. Бұл дұрыс емес. Американың киноларын көрсеніздер, көпфункционалды мектептер бар. Меніңше, мәдениет сарайлары, спорт

кешені – бәрі бір жерде болғаны жөн. Қаржыны үнемдеуге, балалардың бір-бірімен тығыз байланыста болуына жақсы.

Сосын спортқа тікелей қатысы жоқ мәселе бар. Біздің тепсе темір үзетін жастарымыздың көбісі құмар ойынға беріліп кеткен. Қарызға батып, тентіреп кететіндей жағдайға жетіп отыр. Енді сол балаларды алып шығуымыз керек. Біз көп айтамыз, енді нақты әрекет керек. Шаралар қолдану қажет. Іске кірісетін уақыт келді. Телефонға байланған баланы спорт алаңына алып келетін жолды табу қажет. Құмар ойынға байланған жастарды құтқарайық.

Уинстон Черчилль соғыс басталғанда Ұлыбритания Парламенті алдында сөз сөйлепті. Сонда ол «Мақсатымыз – жеңіс» деп бір ауыз айтып, трибунадан түсіп кеткен. Сондықтан біздің әрбір спортшының көкейінде ауылдық жарыстан бастап, Олимпиада додасына дейін қатысқан кезде тек жеңіс туралы ой тұруы керек.

Қаймен ЕСЕНДИЯРОВ,

БҚО ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ:

ФУТБОЛДА ЛЕГИОНЕРЛЕРДІҢ
САНЫН АЗАЙТУ КЕРЕК

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ АЛҚА ОТЫРЫСЫНДА БҚО ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ ҚАЙМЕН ЕСЕНДИЯРОВ ӨҢІРДЕГІ СПОРТТЫҢ АХУАЛЫ, БАПКЕРЛЕР САНЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ЛЕГИОНЕРЛЕРДІ АЗАЙТУ СЕКІЛДІ БІРҚАТАР МӘСЕЛЕНІ КӨТЕРДІ.

– Ұлттық құрама команда мүшелері толықтай мемлекет тарапынан қаржыландырылуы керек деп есептейміз. Ұлттық құрама мүшесі Олимпиада ойындары, әлем чемпионаттары мен өзге де халықаралық турнирлерге барады. Кей саңлақтарымыз ұлттық құрамада бірінші нөмірлі спортшы бола тұра бізден, облыстық басқармадан, құрал-жабдық, дәрумендер мен оқу-жаттығу жиындарына ақша сұрайды. Біз оларға мүмкіндігінше көмектесеміз, бірақ қаржы жетіңкірей бермейді. Сондықтан олар әкімге облыстық спорт басқармасының үстінен шағым түсіреді. Осы орайда біз кез келген ұлттық құрама мүшесі толықтай Ұлттық олимпиада комитеті тарапынан қамтамасыз етілуі керек деген ұсынысымызды жеткізгіміз келеді.

Сонымен қатар спортшы мен оның бапкері Олимпиада ойындарына баратын кезде ғана емес, әлем чемпионаттарына баратын киіммен де қамтамасыз етілуі керек. Кей спорт түрлерін көріп отырмыз, әлем біріншіліктерінде түрлі-түрлі формамен жүреді. Арасында облыстық құраманың киімімен жүретіндері де бар.

Тағы бір мәселе, спорттың кей түрлерінде ұлттық құрама жасақталмайды. Олардың қатарында қол күресі, грепплинг, пауэрлифтинг бар. Яғни ұлттық құрама дұрыс жасақталмай, олар әлем чемпионатына тікелей кетіп жатады. Тіпті аудандық спортшылардың облыстық турнирді ұтып-ақ әлем біріншіліктеріне аттанғанын көрдік. Себебі тиісті қағаздар беріледі – болды. Соларды жүйеге келтірсе дейміз.



Федерациялар мәселесі де өзекті. 2015 жылы БҚО-да 46 спорт түрі болса, қазір олардың саны 77-ге жеткен. Ал қаражат өзгеріссіз – өңірімізге 5 млрд теңге бөлінеді. Сонда 46 спорт түріне бөлінген қаржыны біз 77 спорт түріне қалай жеткізбекпіз?

Қазір каратенің түр-түрі бар. Таеквондо мен грепплингтің де бірнеше түрі бар. Оларды бөле-жарып отырған жоқпын, тек соның бәрін жүйелендірсек дейміз. Әйтпесе, олардың әрқайсысына қаржы бөлу керек, ал оған біздің шамамыз жетпейді. Қаражат бөлінбесе,

жан-жақтан шағым түседі. Джиу-джитсуда да солай.

«Қазақстан Республикасының спорт шебері» деген төсбелгісі мен Халықаралық дәрежедегі спорт шебері деген төсбелгілердің дизайнын өзгертсек: жазуы да көрінбейді, өзі де кішкентай, Әкімшілік персонал деген бар ғой, соны комитет не министрлік тарапынан қолдау арқылы өзгертсек. Бізде аудан-қалада 28 спорт мектебі бар. Соларда 35 есепші, дәл сонша мемлекеттік сатып алушы отыр. Одан бөлек заңгерлер мен аудармашы секілді мамандар көп. Ал бапкерлердің саны – небәрі 15. Ауылдарда осыған байланысты оңтайландыру жұмыстарын жүргізуді бастап едік, сол қызметкерлер менің үстімнен Президентке хат жазып шағымданды.

Кәсіби клубтар жайлы да ұсынысымды жеткізсем. «Ақжайық» футбол клубын өздеріңіз білесіздер, сол клубтағы легионерлер санын азайтып немесе тоқтатуды қарастырсақ. Себебі сырттан келген ойыншыларға өте көп қаражат жұмсалады. Бапкер шақыртуға болады, ал легионерлердің санын көбейте берудің қажеті жоқ деп ойлаймыз.

ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА БІР ҚАДАМ...



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 16 НАУРЫЗДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА АРНАҒАН ЖОЛДАУЫНАН ХАЛЫҚ, ӨЗІ КҮТКЕНДЕЙ, ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР, ЖАҢА ЛЕПТІ СЕЗІНДІ.

«Жаңа Қазақстанның» жарқын болашағына жол ашатын тоғыз өзекті мәселе осы жолдауда қамтылды. Мемлекет басшысы барлық Қазақстанның азаматтар үшін тең мүмкіндіктердің мызғымас кепілі болу керектігін, парламент рөлін арттырып, мемлекетіміздің институционалдық тұғырын нығайтуды, партиялардың тіркеу рәсімдерін жеңілдету, сайлау жүйесін жетілдіру және үрдісін жаңарту, құқық қорғау

конституциясын күшейту сонымен қатар жаңа облыстар құру оның ішінде Абай, Жетісу, Ұлытау облыстары бой көтеретіні, Конституцияның 30 дан астам бабына өзгерістер енгізу туралы ауқымды мәселелер айтылды. Қазақстанның бірлігін ойлаған Президентіміздің ел болашағы үшін алға қойған мақсаттарын орындайтынына сенімдіміз. Халқымыздың тұтастығы мен бірлігін сақтау және еліміздің көркейіп,

өркендеуі үшін қоғамның барлық саласында жүргізілетін реформалары айқын айтылған.

«Жаңа Қазақстан» елге келген жаңа леп деп біздер қазақстандықтар түсінеміз.

Ел бірлігіне сызат түсірмей, Ел халқының амандығы үшін қандай да бір батыл шешім қабылдай білетін Мемлекет басшысын – Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевты біз әрке қолдаймыз. Оның жасампаз баста малары мен елдің көңілінен шығатын шешімдері баршамызға рух беріп, қанағаттандырады.

Дәулет ТҰРЛЫХАНОВ

БАТЫСҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘЛЕМ БІРІНШІЛІГІНЕ ЖОЛДАМА АЛДЫ

ЖӨҢГІР ХАН АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АГРАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТІ АДӘЛЯ ДОСКУЛ СПОРТТЫҢ ЖАТЫП СЫҒЫМДАУ ЖӘНЕ КЛАССИКАЛЫҚ ЖАТЫП СЫҒЫМДАУ ТҮРІНЕН ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫНДА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ.



Адэля Шымкент қаласында өтіп жатқан ерлер мен әйелдер, жасөспірімдер, ұлдар мен қыздар және ардагерлер арасында жатып сығымдаудан және классикалық жатып сығымдаудан ҚР чемпионатына қатысқан болатын. Жастар арасындағы кезеңде 52 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен студент спортшы 80 келі нәтижесімен І орынға қол жеткізді. Енді батысқазақстандық спортшы елімізде өтетін әлем чемпионатында өнер көрсететін болады.

Адэля Доскул – университетіміздегі Политехникалық институттың «Автомобиль көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» бағдарламасының 1-курс студенті.

Ләззат ҚАЖЫМОВА,
БҚАТУ медиа орталығының директоры

ҮШ ДҮРКІН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНҒАН ЕРЖАН

БҮГІН БІЗ СПОРТТЫҢ ЕРЕКШЕ ТҮРІН ЖАНЫНА СЕРІК ЕТКЕН ЖӨҢГІР ХАН АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АГРАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТІ ЕРЖАН ЕРБОЛАТТЫ ӨҢГІМЕГЕ ТАРТТЫҚ. ЕРЖАН – ҚОЛ КҮРЕСІНЕН ҮШ ДҮРКІН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНҒАН ЖӨҢГІР ХАН АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АГРАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 3-КУРС СТУДЕНТІ. СОНЫМЕН ҚАТАР ЖАС СПОРТШЫ – ОБЛЫСЫМЫЗДАҒЫ ҚАРАТӨБЕ АУДАНЫНЫҢ «ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ».

– Ержан, аталмыш спорт түрін таңдауыңызға не себеп болды және қанша жасыңыздан бері айналысасыз?

– Мен спортпен айналысуды 13 жасымда бастадым. Армрестлингті таңдауыма әлеуметтік желілер әсер етті десем болады. Желіде тараған түрлі қол күрестірген бейнежазбаларды көріп, қызығушылығым оянып, осы спорт түрімен айналысуға бел будым.

– Жаттықтырушыңыз бар ма және күніне қанша уақытыңызды жаттығуға арнайсыз?

– Екі жыл бойы жаттықтырушымен жұмыс істедім. Ал қазір осал тұстарымды өзім қадағалап, соны шыңдау үшін жаттығулар жасаймын. Негізінен сабақтан бос кезде аптасына үш күн залға барып, екі немесе үш сағат жаттығамын. Сайыс болардың алдында аптасына тек бір күн демалып, қалған күндерімді жаттығуға арнаймын. Ол кезде қолға көбірек күш түсіріп, дайындықты үдетуге тура келеді. Сонымен қатар күш тек қолға ғана емес, бүкіл денеге, соның ішінде аяққа да түсетіндіктен, төрт немесе бес сағаттап жаттығу жасап, күш жинақтаймын.

– Есте қаларлық жеңіс пен жеңілісіңіз?

– Есте қаларлық жеңілісім 2017 жылғы наурыз айында бірінші рет қатысқан республикалық жарыс еді. Ол жерде, өкінішке қарай, 9-орынды иеленіп қалдым. Сол



жеңілістен кейін өзімді қамшылай түсіп, әртүрлі тәсілдермен жаттыға бастадым. Соның нәтижесі шығар, 2021 жылы Ақтөбе қаласында ересектер арасында өткен турнирде 55 келі салмақ дәрежесі бойынша 2-орынды иеленіп, «ҚР спорт шебері» дәрежесіне қол жеткіздім.

– Қол күресінде қандай жарақат алу қаупі басым?

– Тартыс кезінде жарақаттардың алдын алу мақсатында арнайы төреші тағайындалады. Ол күш сынасушылардың «қауіпті жағдайларға» түсіп қалмауын қадағалап, бағыт беріп тұрады. Жалпы қол күресімен айналысатын адам ең алдымен мықты техникалық дайындықтан өтуі керек. Өйткені армрестлинг – қауіпті спорт түрі.

Қол күресі кезінде буындарға, сіңірлерге және бұлшықетке үлкен күш түседі. Кез келген қате қимыл олардың жыртылуына немесе созылуына әкелуі мүмкін.

Өз басым қауіпсіздік шараларына баса мән беремін. Алайда ірі жарыстарға

дайындық кезінде қол сіңірінің созылу жағдайы болды.

– Жалпы елімізде қол күресі қаншалықты дамыған? Деңгейі қандай?

– Қазіргі таңда отандық спорт қол күресі бойынша өте жақсы нәтижелер көрсетуде. Жалпы Қазақстан әлем бойынша армрестлингтен, яғни қол күресінен командалық есепте 3-орында тұр.

– Алдағы жоспарыңыз қандай? Спорт саласына түбегейлі бет бұрасыз ба, әлде...?

– Мақсатым – «Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері» атағын алу. Содан кейін де өзімді осы спорт саласында дамытып, биік шыңдарды бағындырғым келеді.

– Сәттілік тілейміз. Еліміздің көк байрағын көкте қалықтатар күндеріңіз көп болсын!

Өңгімелескен –
Анар НҰРЛАНҚЫЗЫ,
БҚАТУ медиа орталығының маманы

ШЕМОНАИХАЛЫҚТАР ЕРЛЕДІ



ЖАҚЫНДА ШЕМОНАИХА АУДАНЫНДА ЕРКІН КҮРЕСТЕН 2005-2008 ЖЫЛДАРЫ ТУҒАН ҚЫЗДАР АРАСЫНДА ОБЛЫСТЫҚ ЧЕМПИОНАТ ӨТТІ. БҰЛ ДҮБІРЛІ САЙЫСТА ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНАН КӨРІНГЕНДЕР РЕСПУБЛИКА БІРІНШІЛІГІНЕ ЖОЛДАМА АЛАДЫ. ОҒАН ӨСКЕМЕН, СЕМЕЙ, АЛТАЙ ҚАЛАЛАРЫ, ЖАРМА, КӨКПЕКТІ, ҰЛАН, ГЛУБОКОЕ, БЕСҚАРАҒАЙ, КӨКПЕКТІ, ҰРЖАР АУДАНДАРЫНАН 60-ТАН АСТАМ БҰРЫМДЫ ҚАТЫСТЫ. АУДАНДЫҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ РИШАД ФАЙЗУЛЛАҒЫ АХМЕТОВТІҢ АЙТУЫНША, ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛДЫ, ПАНДЕМИЯ ТАЛАПТАРЫ ҚАТАҢ САҚТАЛДЫ.

– Біздің ауданның балуандары бұл жарысқа мұқият әзірленді, – дейді Ришад Файзуллаұлы. – Аудан әкімі Григорий Иосифович Ақулов келген қонақтарға жататын орын, жаттығатын жерді дайындатты. Жарыс тартысты өтті. Біздің ауданның тоғыз бірдей балуаны жүлделі орын иеленді.

Атап айтқанда, 30 келі салмақта Айсұлу Жасұланқызы қарсыластарын айқын басымдықпен жеңіп, осымен жетінші рет облыс чемпионы атанды. Айсұлу мұның алдында да республикалық жарыста топ жарған. Айсұлудың бапкері – әкесі Жасұлан Тлеубердин. 33 келі



салмақта ауданның тағы бір үміт күтіретін қызы Мелена Белькова екінші орынды иеленді. Ал жүлделі үшінші орыннан жеті бірдей шемонаихалық қыздар көрінді. Олар: А.Махина, О.Егорова, А.Данилова, У.Бакулина, Д.Коханова, Д.Скосарева, В.Орлова.

Реті келгенде айта кету керек, ауданда соңғы жылдары бұқаралық спорт та дамып келеді. Аудан орталығы мен барлық ауылдарда шайбалы хоккей, футбол алаңдары, Усть-Таловка кентінде спорт кешені пайдалануға берілді. 72 дене шынықтыру ұжымында 13586 адам жаттығады. Сәуір айында аудан орталығында заманауи спорт кешені іске қосылмақ. Аудан әкімі Г.Ақуловтың өзі бұқаралық спорттың дамуын күнделікті бақылауда ұстайды, тұрғындардың бос уақыттарын мәнді де қызықты өткізуіне жағдай жасайды. Бұл күндері аудан тұрғындарының 33 пайызы бұқаралық спортпен шұғылданады. Бұл өңірдегі үздік көрсеткіш. Қорыта айтқанда, аудан тұрғындары спортты өздеріне серік еткен.

Оңдасын ЕЛУБАЙ,
«Қазақ спорты» газетінің
Шығыс Қазақстан облысындағы
өз тілшісі

Шемонаиха ауданы.

Суреттерде: жарысқа қатысушылар.

ЕЛОРДАЛЫҚТАРДЫҢ ЕҢСЕСІ ТҮСІП ТҰР

ӨТКЕН АПТАДА ЕЛІМІЗДІҢ АЛТЫ ҚАЛАСЫНДА ФУТБОЛДАН ПРЕМЬЕР-ЛИГАНЫҢ 2-ТУР ОЙЫНДАРЫ ӨТТІ. БЫЛТЫРҒЫ ЖЫЛҒЫ ЖЕҢІМПАЗ ҚОСТАНАЙДЫҢ «ТОБЫЛЫ» АҚТАУҒА ҚОНАҚҚА БАРСА, АЛМАТЫНЫҢ «ҚАЙРАТЫ» МАҚТААРАЛДА ОИНАДЫ. «АСТАНА» ФУТБОЛШЫЛАРЫ «АҚСУДЫҢ» ЖАСЫЛ АЛАҒЫНДА ДОП ТЕПТІ. АУА-РАЙЫНЫҢ ҚОЛАЙСЫЗДЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ОРАЛДА ӨТУІ ТИІС «АҚЖАЙЫҚ» ПЕН «ТҰРАН» АРАСЫНДАҒЫ МАТЧ КЕЙІНГЕ ШЕГЕРІЛДІ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӘСІПҚОЙ ФУТБОЛ ЛИГАСЫ ӘЗІРГЕ БҰЛ ОЙЫННЫҢ ҚАШАН ӨТЕТІНІН НАҚТЫ БЕЛГІЛЕМЕДІ.

«ҚАЙРАТТЫ» КАНТЕ ҚҰТҚАРАДЫ

Қарағандының «Шахтері» мен Алматының «Қайраты» 2 турдың қорытындысы бойынша әзірге ұпай жоғалтпады. Алматылық ұжым алғашқы турда «Ақтөбені» 2:0 есебімен жеңсе, бұл жолы «Мақтааралдан» үш ұпай олжалады. Құрбан Бердыев баптайтын команданың қорғанысы әзірге сыр берген жоқ. Дегенмен, екі ойын да «Қайрат» үшін оңайға тимеді. Әсіресе, «Мақтааралмен» болған матчта алматылықтар Хосе Кантенің соққан он бір метрлік айып добының арқасында жеңіске жетті. Канте мұның алдында «Ақтөбе» командасының қақпасына екі гол соққан.

Матчтан кейін «Қайраттың» бас бапкері Құрбан Бердыев бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арнап сұхбат беріп, маусым басында жеңіске жетудің маңызды екенін айтты. - Матч өте тартысты өтті. Жақсы ойын көрсеткендері үшін жігіттерге ризамын. Маусымның басында жеңіске жету өте маңызды және үш ұпай алғанымызға қуаныштымыз. Сондай-ақ бүгінгі ойында белсенді колдау көрсеткен жанкүйерлерге алғыс айтқым келеді. Бізге осы жолдан таймау керек. Әсіресе қорғаныста кателік жібермегіміз абзал, – деді «Қайраттың» бас бапкері Қ.Бердыев.

Айтпақшы, «Қайрат» ел біріншілігінің тарихында 900 ойын өткізген еліміздегі екінші команда атанып отыр. Олар Премьер-лиганың 1-турында 900-шы ойынын өткізген. «Мақтааралмен» болған ойын 901-ші ойын болып, тарих бетіне тіркелді.

Ал ел біріншілігінің тарихында ең көп ойын өткізген (928 ойын) Қарағандының «Шахтері» 2-турда «Қызылжарды» жеңді. Жеңіс голын ойынның 81-минутында Абылайхан Назымханов соқты.

«ТОБЫЛДЫҢ» «АҒЫСЫН» «КАСПИЙ» ТЕЖЕДІ

1-турда «Ақжайықты» ұтқан Қостанайдың «Тобылы» күтпеген жерден «Каспиймен» ұпай бөлісті. Ақтауда өткен ойында Қазақстанның қазіргі чемпиондары қанша шабуылдаса да «Каспийдің» қорғанысынан саңдау таба алмады.

Ойыннан кейін сұхбат берген «Тобыл» бас бапкері Александр деп Москаленко «тең ойынның өзіне тәубе» деп отыр. Тіпті осы тең ойын үшін командасына алғыс айтты.

Бүгінгі ойында екі команда бірін-бірі аямады. Сондықтан әр ойыншыма жанкештілік танытқаны үшін алғысымды айтамын. «Каспий» осал ұжым деп айта алмаймын. Бір жағынан бүгінгідей алаңда ойнау өте қиын. «Тең ойнадық» деп ешкімді сөкпеймін, – деді А.Москаленко.

Ал «Каспий» үшін бұл тең ойын жеңіске пара-пар десек артық айтқанымыз емес.



«АСТАНА» ҮШІН БИЫЛҒЫ МАУСЫМ ЖАҚСЫ БАСТАЛМАДЫ

«Астана» футболшылары үшін биылғы маусым жақсы басталмады. Бірінші ойында «Шахтермен» тең түскен елордалықтар енді міне, Премьер-лиганың «дебютанты» «Ақсудан» айласын асыру былай тұрсын, тең нәтижеге де қол жеткізе алмады. 3-турда «Астана» «Ақтөбемен» ойнайды. Егер бұл ойында жеңілетін болса, команданың бас бапкерлігіне жаңадан тағайындалған Срджан Благоевичтің «ғұмыры» ұзаққа созылмайды. Оның үстіне «Шахтермен» болған ойында «Астана» жеті легионермен ойнап, жарыс регламентін өрескел бұзды. Соның кесірінен Қазақстанның Кәсіпқой футбол лигасы «Астанаға» жеңіліс жазды. Яғни, қазір екі ойынның қорытындысы бойынша елордалықтар турнир кестесінің ең соңғы сатысында тұр. Ұпай да, соғылған гол да жоқ.

Премьер-лигаға алғаш қосылып жатқан «Ақсудың» әзірге төрт құбыласы түгел. Бірінші ойында «Атыраумен» сырт алаңда тең түсті. Бұл жолы Елорда клубының еңсесін жаншып, нағыз сенсация жасады десек болады. Ал, ойында соғылған жалғыз гол Мирас Тұрлыбектің еншісіне жазылды. Кезінде «Ертістің» жастар құрамасында ойнаған павлодарлық футболшы Қазақстан премьер-лигасында алғаш рет алаңға шықты.

ЖАҚЫП ЖҮЗГЕ ЖЕТТІ

Алғашқы екі ойында жеңілмегендердің қатарында «Тараздың» да тас-түлектері бар. Олар осы турда Шымкенттің «Ордабасы» клубын қабылдап, 1:0

есебімен жеңді. Бұл ойында «Тараздың» жартылай қорғаушысы Жакып Қожамберді клубтағы 100-ші ойынын өткізді. Жакып «Тараздың» сапына 2013 жылы қосылды. Бір қызығы, сол алғашқы ойынында «Ордабасыға» қарсы ойнапты. Содан бері 8 гол соққан.

АҚСУЛЫҚТАР СТАДИОНҒА АСЫҒАДЫ

2-турдың қорытындысы бойынша стадионға келген жанкүйерлердің саны он үш мыңды көрсетті. Ең көп жанкүйер «Ақсу» мен «Астана» арасындағы ойынға жиналған – 4000. Одан кейінгі көрсеткіш «Тараз» – «Ордабасы» арасындағы ойынға тиесілі – 3000.

Қазір Қазақстан премьер-лигасының ойын кестесіне қарсылық көбейді. Ол туралы әлеуметтік желілерде айтылып та, жазылып та жатыр. Расымен де жанкүйерлердің ренжитін жөні бар. Өйткені, Қазақстанның Кәсіпқой футбол лигасы ойындарды сенбі-жексенбі емес, апта ортасына қарай ойыстырған.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӘСІПҚОЙ ФУТБОЛ ЛИГАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Қазақстанның кәсіпқой футбол лигасы 2022 жылғы OLIMPBET-Қазақстан Чемпионатының (Қазақстан Премьер-лигасының ресми атауы – ред.) күнтізбесі бірінші кезекте ұлттық құрамалардың ойындарына байланысты барынша қысқартылғаны туралы хабарлайды. Бұл шешім отандық футболдың визит карточкасы болып табылатын Қазақстан ұлттық құрамасының мүддесі үшін жасалуда. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионатының наурыз айындағы ойындар

күнтізбесі ойыншылардың барынша ойын тәжірибесін жинауға, сонымен қатар Молдова құрамасымен өтетін жауапты кездесулердің алдында қалпына келіп үлгеру үшін жасалған. Дәл осындай жағдай FIFA келесі екі терезесінде – мамыр айының соңында және қыркүйекте орын алады. Нақты айтатын болсақ, мамыр айының 30-шы жұлдызынан 14 маусымға дейін Қазақстан құрамасы 4 ресми ойын өткізеді, олардың екеуі – сырт алаңда. Аталған екі айда ғана кейбір ойындар жұмыс күндері өтеді. Маусымның қалған бөлігінде OLIMPBET-Чемпионат пен OLIMPBET-Кубоктың үлкен бөлігі демалыс күндері, апталық циклде өтеді. Тек қана кейбір ойындар дүйсенбіге келіп түседі. Осылайша, 26 турдың тек 7 ғана аптаның ортасында өткізу жоспарланған.

ОЙЫНДАРДЫҢ БАСТАЛУ УАҚЫТЫНА ҚАТЫСТЫ ХАБАРЛАМА

Өкінішке орай, қазіргі уақытта OLIMPBET-Қазақстан Чемпионатының ойындарын қабылдайтын кейбір отандық стадиондар кездесулерді кешкі уақытта өткізуге мүмкіндік беретін жарықтандыру жүйесімен жабдықталмаған. Сондай-ақ наурыз айында еліміздің солтүстік қалаларында суық ауа райы орын алады, аталмыш факторда ойындарды тек күндізгі уақытта өткізуге мәжбүрлейді. Айтылған факторларға байланысты, сонымен қатар жанкүйерлерге турдағы ойындардың бірқатарын live режимінде көруге мүмкіндік беретін хабар тарату кестесін ескере отырып, кездесулердің басталу уақытына қатысты шешім қабылданады. Ел аумағында ойыншылар мен жанкүйерлер үшін қолайлы ауа-райы орныққаннан кейін, ойындардың басталу уақыты міндетті түрде қайта қаралатын болады.

ҚАЗАҚСТАН ПРЕМЬЕР-ЛИГАСЫ. 2-ТУРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

«КАСПИЙ» – «ТОБЫЛ» – 0:0

«Каспий»: Нұрлыбек Аязбаев, Мақсат Тәйкенов, Тарас Бондаренко, Артём Барановский, Никола Пуцкич, Думан Нәзілдаев, Шафик Тигруджа, Павел Киреенко (Алмас Арменов 90+4), Аслан Әділ (Руан Телеш 58), Рати Ардазишвили, Еркебұлан Нұрғалиев (Арман Нүсіп 83).

«Тобыл»: Александр Мокин, Владислав Васильев, Жарко Томашевич, Сергей Малый, Александр Марочкин, Бағдат Қайыров, Душан Йованчић, Асхат Тағыберген, Рубен Бриджидо, Зоран Тошич (Жақсылықов Айбар, 73), Игорь Сергеев.

«ТАРАЗ» – «ОРДАБАСЫ» – 1:0

Гол соққан: Абылайхан Жұмабек, 20.
«Тараз»: Мұхаммеджан Сейсен, Алекс Джуниор, Лука Гадрани, Елдос Ахметов, Нұрлан Дайыров, Мақсат Әмірханов, Марат Шахметов (Бектас Нұрәулет 80), Абзал Таубай, Бауыржан Байтана (Ермек Қуантаев 86), Жакып Қожамберді (Дінмұхамед Қараман 67), Абылайхан Жұмабек (Жорже Элиас 67).
«Ордабасы»: Бекхан Шайзада, Сағадат Тұрсынбай, Одилбек Абдумажидов, Карам Сұлтанов, Самат Шәмші (Өділхан Добай 78), Александр Батищев, Виктор Брага, Эльхан Астанов, Максим Ваганов, Серж Ньюадзи (Муроджон Халматов 87), Луис Гедеш (Батырхан Тәжібай 71).

«АҚСУ» – «АСТАНА» – 1:0

Гол соққан: Мирас Тұрлыбек, 81.
«Ақсу»: Евгений Кучеренко, Гафуржан Сүйімбаев (к), Али Гаджибеков, Ұлар Жақсыбаев, Қайрат Жырғалбекұлы, Айбол Әбікен, Михаил Бақаев, Асланбек Кәкімов (Рафаиль Оспанов 90+7), Еркебұлан Тұңғышбаев, Изат Құлжанов (Павел Красотин 79), Сергей Хижниченко (Мирас Тұрлыбек 68).

«Астана»: Марко Милошевич, Брайан Сильва, Талғат Қуяпов, Артём Рахманов (Даниил Бескоровайный 75), Абзал Бейсебеков (Камо Оганесян 60), Аслан Дарабаев (Исламбек Қуат 90+3), Макс Эбонг, Жереми Манзорро (Станислав Басманов 90+3), Педро Жунио (Абат Айымбетов 60), Марин Томасов, Мохаммед Камара.

«ҚЫЗЫЛ-ЖАР» – «ШАХТЁР» – 0:1

Гол соққан: Абылайхан Назымханов, 81.

«Қызыл-Жар»: Мирослав Лобанцев, Юрий Бушман, Стефан Живкович (Лукас Кардосо 86), Олег Мурачёв, Валерий Каршакевич, Дмитрий Шмидт, Жиан Мартинс, Пабло Подио, Мишель Нкололо (Тимур Мульдинов 66), Дарко Зорич (Павел Яковлев 78), Андрей Панюков (Евгений Козлов 78).

«Шахтёр»: Игорь Шацкий, Павел Назаренко (Тоқтар Жаңғылышбай 70), Джордже Чосич, Иван Граф, Михаил Габышев, Кирилл Майяров, Роджер Каньяс, Амир Адуюв, Тимур Досмағамбетов, Абылайхан Назымханов, Роман Мұртазаев (Айдос Тәттібаев 76).

«АҚТӨБЕ» – «АТЫРАУ» – 2:1

Гол соққандар: Филипович Андрия 20 (0:1), Видемонт Уго 45+2 (1:1), Жулпа Артурас 83 (2:1).

«Ақтөбе»: Стас Покатилов, Арман Кеңесов, Темірлан Ерланов, Юрий Логвиненко (к), Артурас Жулпа, Ескендір Қыбырай (Өділхан Танжарықов 90+4) – Рамазан Оразов (Әлібек Қасым 90+4), Никита Маляров – Уго Видемон, Рожерио Шина (Руслан Камболов 90+4), Жерар Гоу (Виталий Балашов 46).

«Атырау»: Арам Айрапетян, Қуаныш Қалмұратов, Николай Тарасов, Павел Барановский, Матеус Бисси, Амандык Нәбиханов, Тодор Петрович (Домантас Антанавичиус 46), Сослан Такулов, Анатолий Катрич (Дмитрий Плетнёв 81), Андрия Филипович, Петр Гельчак.

«МАҚТААРАЛ» (МАҚТААРАЛ) – «ҚАЙРАТ» (АЛМАТЫ) – 0:1

Гол соққан: Канте, 26, пенальтиден.
«Мақтаарал»: Сергей Литовченко, Ерболат Рүстемов (Артем Разгонюк 66), Артур Западня, Руслан Юденков, Егор Потапов, Диёржон Арипов, Ринат Джуматов, Расамбек Ахматов, Алекс Бруно, Биллал Себаихи, Шериддин Бобоев.

«Қайрат»: Данил Устименко, Сергей Кейлер, Арсен Буранчиев, Маки Баньяк, Дамир Қасаболат, Еркебұлан Сейдахмет, Яцек Гуральский, Рикарду Алвеш, Гүлжігіт Алықұлов (Антон Крачковский 66), Жоао Пауло (Данияр Үсенов 73), Хосе Канте.

2-ТУРДАН КЕЙІНГІ ТУРНИР КЕСТЕСІ							
№	Команда	Ойын	Жеңіс	Тең	Ұтылыс	Д-А	Ұпай
1	Шахтер	2	2	0	0	4-0	6
2	Кайрат	2	2	0	0	3-0	6
3	Ақсу	2	1	1	0	1-0	4
4	Каспий	2	1	1	0	1-0	4
5	Тараз	2	1	1	0	1-0	4
6	Тобыл	2	1	1	0	1-0	4
7	Ақтөбе	2	1	0	1	2-3	3
8	Тұран	1	0	1	0	0-0	1
9	Атырау	2	0	1	1	1-2	1
10	Мақтаарал	2	0	1	1	1-2	1
11	Ордабасы	2	0	1	1	1-2	1
12	Ақжайық	1	0	0	1	0-1	0
13	Қызылжар	2	0	0	2	0-2	0
14	Астана	2	0	0	2	0-4	0

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН:

← 1

«Қасіретті қаңтар» оқиғалары мен одан кейінгі төтенше жағдай кезінде түрлі құқық бұзушылықтар жасағаны үшін екі мыңға жуық адам ұсталды. Мен сол кезде Бас прокуратураға олардың қандай кінәсі барын анықтауды және ауыр қылмысы болмаса, жазасын жеңілдетуді тапсырдым. Соның нәтижесінде көптеген азамат қамаудан босатылды.

Ал нағыз қылмыс жасаған адамдар заң алдында толығымен жауап береді. Басқаша әрекет ету, яғни бедел жинау үшін байбалам салып, қосақ арасында жүргендер мен арандатушыларға жеңілдік жасау – жазықсыз құрбан болған жандардың аруағын сыйламау деген сөз.

Бірнеше жүз адамның үстінен қылмыстық іс қозғалды. Біз құқық қорғау органдарының қызметкерлері ұсталған адамдарды тергеу барысында тыйым салынған тәсілдерді қолданғаны, тіпті оларды азаптағаны туралы фактілер болғанын ашық айттық. Орта ғасырлардан қалған осындай жабайылық кез келген өркениетті қоғамның қағидаттарына қайшы келеді. Бұл – біз үшін де мүлде жат қылық. Мұндай сорақы оқиғалар болғаны жайлы айтыла бастаған сәтте-ақ, мен оны мұқият тексеруді тапсырдым.

Сонымен бірге Адам құқықтары жөніндегі уәкіл алғашқы күндерден жұмысқа белсене араласты. Құқық қорғаумен айналысатын азаматтар мен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшелері оқшаулау орындарына кедергісіз кіріп, қаңтар оқиғасына қатысушылардың қамаудағы жай-күйімен танысты, олардың шағымдарын қарады.

Омбудсмен және беделді заңгерлер жетекшілік ететін тәуелсіз қоғамдық комиссиялар прокуратура органдарымен тығыз жұмыс істеді, пікірлерін ашық айтып, өз ұстанымдарын қорғады. Мұндай жұмыс тәсілі тергеу үдерісінің ашық және демократиялы екенін көрсетті, әрбір өтініш пен арыз-шағымды жеке-жеке қарауға мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде заңға қайшы үкім шығару ықтималдылығы едәуір азайды.

Азаматтық қоғам мен құзырлы органдар осылай ашық ынтымақтастық орнататын тәжірибе біздің елімізде берік орнығуға тиіс. Осы мүмкіндікті пайдаланып, қоғам белсенділері мен заңгерлерге азаматтық ұстанымы және біліктілігі үшін ризашылығымызды білдіремін.

Қазір алдын ала қорытындылар дайын. Біз теріс пайғылды адамдардың мемлекеттік төңкеріс жасамақ болғанын нақты білеміз. Осы ретте бүлікшілер не үшін мұндай қадамға барды деген сұрақ туындайды. Жауабы – айдан анық.

Соңғы жылдары біз Қазақстанды түбегейлі жаңғыртуға, трансформациялауға көштік. Түрлі салада ауқымды өзгерістер басталды. Бұл кейбір ықпалды адамдарға ұнамады. Олар жылдар бойғы заңсыз әрекеттерін одан әрі жалғастыра беруді көздеді. Неғұрлым жоғары билікке ие болуды көкседі. Сол үшін көптегі қылмыскерлер, қарулы бандылар мен опасыз шенеуніктер бірігіп, астыртын топ құрды.

Ішкі және сыртқы жауларымыз өзара ымыраласып, билікті басып алғысы келді. Олар халықтың наразылық шеруін басқа арнаға бұрып, жұртты қасакана арандатты. Ланкестер мемлекеттік органдарға, стратегиялық нысандар мен бизнеске тиесілі ғимараттарға шабуыл жасады. Билікке күйе жағу үшін бейбіт тұрғындарға оқ атты. Осының бәрін шетелдегі радикалды күштер өз мақсатына пайдаланғысы келді. Олар Қазақстанды қақтығыс алаңына айналдырып, елге ойран салмақ болды. Бейбіт өміріміздің тас-талқанын шығаруды жоспарлады. Президентті биліктен кетіргісі келді.

Шын мәнінде, бұл мемлекеттілігімізге төнген аса қауіпті сын-қатер болды. Бірақ қастандық жасаушылардың арам пайылы іске аспады. Мен ең қиын сәтте, қандай жағдай болса да, ақырына дейін халқыммен бірге боламын деп ашық айттым.

Бабаларымыз «Іштен шыққан жау жаман» деп бекер айтпаған. Төңкеріс жасауға ұмтылғандардың арасында белгілі адамдар болды. Жоғары лауазым иелері мемлекетке сатқындық жасады. Опасыздардың ішінде әскери және арнаулы органдардың басшылары да бар. Олар Күштік құрылымдардың заңға сәйкес қимылдауына кедергі келтірді. Мемлекет басшылығына қалалардағы ахуал туралы жалған ақпарат берді. Тіпті арнайы үкіметтік және басқа да байланыс арналарын өз бақылауына алды. Бір сөзбен айтсақ, олар елді ыдырату үшін ойларын келген барлық тәсілді қолданды.

Соның салдарынан Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымынан көмек сұрауға мәжбүр болдық. Бұл қадам ішкі және халықаралық нормаларға сай жүзеге асырылды. Бітімгершілік



күштері елімізде бірде-бір оқ атқан жоқ. Стратегиялық маңызы бар нысандардың қауіпсіздігін ғана қамтамасыз етті. Бұған алдын ала жасалған келісімнің нәтижесінде қол жеткіздік. Жағдай тұрақтанған соң, екі аптадан кейін олар Қазақстаннан толық шығарылды.

Бұл – көптаралпы қарулы контингент, оның құрамында Қазақстан да бар. Бітімгершілік миссиясының маңызы рөлін жоққа шығаруға болмайды. Бірақ түптеп келгенде, біз содырларды өз күшімізбен жеңдік.

Осы орайда бір мәселеге жеке тоқталғым келеді. Сатқындардың опасыздығы құқық қорғау органдарының беделіне нұқсан келтірмеуге тиіс. Онда қызмет ететін азаматтар да өз бауырларымыз. Олар елмен бірге екенін, туған халқы үшін қасық қаны қалғанша күресетінін дәлелдеді. Отан алдындағы антына адал болып, мемлекетімізді жанқиярлықпен қорғады. Мен сын сағатта қатерге қаймықпай қарсы тұрған тәртіп сақшыларына ризашылық білдіремін.

Сондай-ақ азаматтарымыз ерікті түрде өз ішінен жасақ құрып, қоғамдық тәртіпті сақтауға атсалысты. Жауапты сәтте бірлік пен жанашырлықтың бірегей үлгісін көрсеткен барша азаматтарға алғыс айтамын.

Осы күндерде халқымыз кез келген қауіп-қатерді жеңе алатын біртұтас ел екенін танытты. Отаншылдық рухының арқасында қасиетті тәуелсіздігімізді сақтап қалды.

Шын мәнінде, қаңтар оқиғалары мемлекеттілігіміз үшін зор сынақ болды. Біз жардың шетінде тұрдық. Бір қадамды қате жасасақ немесе батыл әрекет етпесек, мемлекетіміз құрдымға кететін еді.

Күштік құрылымдар мен олардың сыбайластарының өзара ымыраласуына қатысты іс бойынша тергеу құпия жағдайда қарқынды жүргізіліп жатыр. Алдымызда куәгерлерден жауап алу, сараптама жасау және түрлі мәліметтерді зерделеу сияқты қыруар жұмыс бар.

Бір нәрсені нақты айта аламын: қаскөйлер мұқият ойластырылған ауқымды операция ұйымдастырды. Олар халқымыздың және шетел қоғамдастығының алдында мемлекеттің жоғары басшылығының абыройын төгіп, биліктен тайдыруды көкседі. Кәсіби дайындықтан өткен содырларды өз мақсатына жету үшін еш тартынбастан пайдаланды. Оларға еліміздің ең ірі шаһары – Алматыны күл талқан етуді, жұртты әбден үрейлендіріп, дүниеден біржола түңілдіруді, елдегі ахуалдың быт-шытын шығарып, бейберекет килуды тапсырды.

Сондықтан кімнің қандай лауазым иеленіп отырғанына, қоғамдағы орны қандай екеніне қарамастан осы қайғылы оқиғаларға кінәлі адамдар түгелдей лайықты жазасын алады деп уәде беремін.

Сол күндері қатаң әрі шұғыл шара қабылдаудан басқа амал қалған жоқ. Мен ең шешуші сәттерде елім үшін қолымнан келгеннің бәрін жасадым. Бұл – менің президенттік әрі перзенттік борышым.

Құрметті депутаттар!

Халыққа қажетті реформаларды жүзеге асыру – менің Мемлекет басшысы ретіндегі басты міндетім. Саяси жаңғыру болмаса, елімізді орнықты дамыту, ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгеріс жасау мүмкін емес. Бұл – анық нәрсе. Біз екі жарым жылдың ішінде осы бағытта нақты нәтижеге қол жеткіздік.

Мен осыған дейін саяси реформалардың төрт топтамасын ұсындым. Соның аясында қоғамды одан әрі демократияландыруға бағытталған бірқатар маңызды бастама жүзеге асты. Тек саясат саласының өзінде оннан астам заң қабылданғанына қарап, қоғамда болып жатқан оң өзгерістердің

ауқымы қандай екенін бағамдауға болады. Мысалы, бейбіт жиналыстар туралы жаңа, демократиялық заңды алайық. Бұл құжат белсенді азаматтарға, оның ішінде оппозициялық көзқарастағы қоғам белсенділеріне еш кедергісіз шеру өткізуіне, сол жерде ой-пікірлерін емін-еркін айтуына мүмкіндік берді. Бұл жаңашылдық елімізде жаңа саяси мәдениеттің тамыр жаюына, қоғамдағы өзара жауапкершілік пен сенімнің артуына жол ашты. Дегенмен, жұртты арандатқысы келетін кейбір белсенділер демократиялық сипаттағы осы заңның өзіне бағынбау, тіпті оны бұзу керек деп санайды.

Мен бұдан былай ешқандай жұмсақтық көрсетпейтінімізді мәлімдеймін. Басқа да заңдар сияқты бұл заңның талаптары да мүлтіксіз орындалуға тиіс.

Баз біреулердің жауапсыздығы мен бейбастық әрекеттері заңды сыйлайтын азаматтарымыз үшін тым қымбатқа түсті. Заң бәріне ортақ, оған биліктегі азаматтар да, қоғам белсенділері де бірдей бағынуға тиіс.

Саяси өзгерістер азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқару ісінен бастап, жалпыұлттық сипаттағы мәселелерге дейін, яғни барлық деңгейде шешім қабылдауға дайын екенін көрсетті.

Саяси трансформация бүкіл салада тамыр-таныстық пен монополияны түбірімен жойып, адал әрі әділ «ойын ережесін» қалыптастыруды көздейді. Бірақ осы ниет пен жұмыс қарқыны жұрттың бәріне бірдей ұнай бермейтіні анық.

Бәрін де бармақ басты, көз қыстымен шешіп үйренген адамдар бұған дейінгі артықшылықтары мен табыс көздерін жоғалтып алудан зәре-құты қалмай қорқуда. Олар біздің мемлекеттілігіміздің тұғырын шайқалту үшін дереу іске кірісті. Тіпті өз халқына қарсы шықты деуге болады.

«Қасіретті қаңтар» күндерінен кейін көптеген адам «бәрі кері кетеді, билік жаңғыру қарқынын бәсеңдетеді» деп ойлады. Бірақ біз алған бетімізден қайтпаймыз. Керісінше, қоғамның барлық саласында жасалып жатқан жүйелі өзгерістердің қарқынын үдете түсеміз.

Мен бүгін ұсынып отырған бастамалар қаңтар оқиғаларынан әлдеқайда бұрын мұқият ойластырылып, пысықталған. Ашығын айтайын, маған «асықпайық, заман жақсарғанға дейін бұл жоспарды қоя тұрайық» деп ақыл қосқан сарапшылар мен мемлекеттік қызметшілер де болды. Олар қазіргі ахуалды өз мүддемізге пайдалануға мүмкіндік туып тұрса, жүйені өзгертудің не қажеті бар деді.

Енді біреулер геосаяси ахуал қатыс шіеленісіп тұрған кезде елді «горбачевтік қайта құрудағы» сияқты берекесіздік жайлап, көше демократиясы белең алып кете ме деген орынды қауіптерін айтты. Бірақ мен елімізге түбегейлі реформалар қажет екеніне бек сенімдімін. Әйтпесе, тоқырауға тап боламыз. Біз оның салдары мемлекетті қалай күйрететінін тарих қойнауына кеткеніне көп бола қоймаған кеңес тарихынан жақсы білеміз.

Кешегі қаңтар оқиғаларына да еліміздегі тоқыраудың салдары белгілі бір деңгейде әсер етті. Мен соңғы екі айдың ішінде әлеуметтік-экономикалық салада, ұлттық және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісінде, ең алдымен, жүзеге асыру қажет болатын міндеттерді айқындап бердім.

Мен бүгін еліміздің саяси жүйесін кешенді жаңғырту бағдарламасын ұсынғалы отырмын. Бұл құжат, ең алдымен, қоғамның қажеттілігіне және сұранысына негізделген.

Парламент депутаттары, Конституциялық кеңес, Орталық сайлау

комиссиясы, Жоғарғы сот және беделді сарапшылардың ұсынымдары назарға алынды. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде осы тақырып бойынша пікірталас өтті. Құжатты әзірлеу кезінде зерттеушілер мен қоғам қайраткерлерінің, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың ұсыныстары да мұқият зерделенді.

Жалпы, ұсынылып отырған реформаларды біздің қоғамдағы алуан түрлі көзқарастардың жиынтық көрінісі деуге болады. Осыған дейін қолға алынған өзгерістердің заңды жалғасы іспетті бұл бастамалар екі өзекті міндетті шешеді.

Біріншіден, қоғамды дәйекті түрде демократияландыруға септігін тигізеді.

Екіншіден, мемлекеттің орнықты әрі басқаруға икемді болуын қамтамасыз етеді. Бұл – ел ішінде болып жатқан іргелі қоғамдық өзгерістер мен шиеленісе түскен геосаяси тартыс кезінде айрықша маңызды.

Қазіргі халықаралық ахуал қырғи-қабақ соғыстың ең қиын кезеңін еске түсіреді. Бірақ шегіне жете буырқанған, мемлекеттер қатаң санкциялармен тірескен, жер жүзіне қандай кесірі тиетіні беймәлім болып тұрған бүгінгі жағдайды адамзат бұрын-соңды көрмеген теңдессіз қиындық деуге әбден болады. Сондықтан біз үшін көздеген мақсаттан ауытқымаудың, еліміздің тұтастығын, жалпыұлттық бірлігі мен тілектестігін сақтаудың өмірлік маңызы бар.

Реформа жасап жатырмыз деген атақ үшін ғана реформа жасаудың ешкімге қажеті жоқ. Мен мұны бірнеше рет айттым. Біз бұл өзгерістерді жұртқа жақсы көріну үшін жасамаймыз. Құлаққа жағымды, бірақ орындалуы екіталай, күмәнді көрсеткіштерге алданбаймыз.

Қағаз бетінде ғана жүзеге асырылған, бірақ шындыққа еш жанаспайтын жалған табыстарға масаттанып отыратын заман келмеске кетті. Халыққа көпірме сөз, бос уәде емес, көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын оң өзгерістер керек.

Біз кез келген мәселені ашық айтып, оны шешудің оңтайлы жолдарын бірге іздеуіміз қажет. Экономикадағы, саясаттағы жасанды монополияларды түбірімен жоюға тиіспіз. Оның орнына ашық әрі әділ бәсеке орнату өте маңызды. Себебі нағыз бәсеке болғанда ғана халықтың әл-ауқаты артып, жағдайы жақсарарды.

Бүкіл құзырет бір қолда болуына негізделген басқару жүйесі қазір өзінің тиімділігін жоғалтты. Бұл жүйе көзқарасы мен ұстанымы әркімге азаматтық қоғамды ұйыстыра алмайды. Сондықтан біз Қазақстанды дамытудың саяси моделін өзгерту үшін әр қадамды мұқият ойластыра отырып жасауымыз керек.

Мен бұл жерде, ең алдымен, басқарудың суперпрезиденттік үлгісінен мықты Парламентті бұр президенттік республикаға біржола көшу туралы айтып отырмын. Мұндай жүйе билік институттарының тепе-теңдігі оңтайлы болуын қамтамасыз етіп, елімізді орнықты дамытуға септігін тигізеді.

Алдымызда Парламенттің рөлін күшейту міндеті тұр. Бұл «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын табысты жүзеге асыруға жол ашады. Біз болашақта қандай ел болатынымызды нақты білеміз. Жаңа Қазақстанды азаматтық қоғамы қалыптастырған тиімді мемлекетке айналдырамыз. Осыған орай «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын басшылыққа аламыз. Бүгін мен осы стратегиялық мақсатымызға жетуге мүмкіндік беретін бірқатар бастаманы ұсынамын.

БІРІНШІ. Президенттің өкілеттігі туралы

Мен бұған дейін айтқанымдай, Қазақстанда суперпрезиденттік басқару

үлгісі қалыптасты. Дамудың бастапқы кезеңінде мемлекетімізге мұндай үлгі қажет болды. Бірақ біз бір орында тұрған жоқпыз. Қоғам да, еліміз де өзгеруде. Саяси жүйеміз жаңа жағдайларға бейімделуге тиіс.

Қазір бізде барлығы Президентке келіп тіреледі. Бұл – дұрыс емес. Біртіндеп бұдан бас тартуымыз қажет. Мен үшін мемлекеттің ұзақ мерзімді мүддесі биліктің қосымша мүмкіндіктеріне және уақытша ықпалына қараған да әлдеқайда маңыздырақ. Сол себепті мен Аманат партиясының қаңтар айындағы съезінде ұйымның төрағалығынан биыл бас тартатынымды мәлімдедім.

Партияның мемлекеттік аппаратқа кірігуіне мүлдем жол бермеген жөн. Саясаттағы монополия түрлі әлеуметтік кеселді туындататыны және мемлекетті дағдарысқа ұшырататыны анық. Саяси үстемдікке барынша шектеу қою қажет.

Президент өзінің өкілеттігін атқару кезеңінде партияға мүшелігін тоқтата тұруға міндетті екенін заң жүзінде ресімдеуді ұсынамын. Бұл норма саяси бәсекені арттырып, барлық партияның дамуына бірдей жағдай жасайды. Осылайша, біз еліміздің болашақтағы көшбасшыларын негізгі саяси институттарды өзіне бағындырып алуға құмар болудан сақтаймыз. Дәл сол сияқты, Орталық сайлау комиссиясының, Есеп комитеті мен Конституциялық кеңестің төрағалары және мүшелері міндетті түрде партиядан шығуы керек деген норманы да заңнамаға енгізген жөн.

Барлық өкілеттікті бір қолға шоғырландырып орталықтағы жағдай аймақтарда да қайталанатынын көріп отырмыз. Сол себепті әкімдер мен олардың орынбасарларына партия филиалдарында да лауазым иеленуге заң жүзінде тыйым салу керек. Мұндай шешімдер көпшілікті партиялық жүйе қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Саяси және экономикалық қызметтің монополиялануы қаңтар оқиғаларының туындауына басты себеп болғаны бүгінде бүкіл қоғамға мәлім.

Біз «Қасіретті қаңтардан» мынадай маңызды сабақ алдық: мемлекеттегі ең жоғары лауазымды тұлғаның қолында барлық өкілеттіктің шоғырлануы оған жақын тұлғалар мен қаржылық-олигархиялық топтардың ықпалын орынсыз күшейтеді. Сосын олар мемлекетті жекеменшілігі сияқты көре бастайды.

Қай елде болса да, тамыр-таныстық кадр іріктеу ісін бұрмалап, сыбайлас жемқорлықтың тамыр жаюына әкеліп соқтырады. Тамыр-таныстық пен рушылдық құрдымға бастайтынын нақты ұғыну қажет. Мұндай қарым-қатынас шағын ғана топтың шалқып өмір сүруіне жол ашады. Ал өзгелерді өмірінің ешқандай болашағы жоқ екеніне біржола мойынсұнуып, тек өлместің күнін көру үшін арпалысуға мәжбүрлейді.

Барлық азаматтарға бірдей мүмкіндік берілетініне Мемлекет басшысы мызғымас кепіл болуға тиіс. Сондықтан Президенттің жақын туыстарына саяси мемлекеттік қызметші болуға және квазимемлекеттік секторда басшылық лауазымдарды иеленуге заң жүзінде тыйым салынады. Мұндай норманы Конституцияға енгізсек те артық болмайды деп санаймын.

Президенттің өкілеттігі неғұрлым көп болса, ол соғұрлым шексіз биліктің иесіне айналады. Мемлекет басшысы облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдері шығарған актілерді жоюға немесе ондай құжаттардың қолданылуын тоқтата тұруға құқылы. Бұл норма «қолдан басқаруды» орынсыз тәжірибесінің орнығуына әкеліп соқтырады және жергілікті атқарушы органдардың дербестігін әлсіретеді. Оның үстіне қазір Президенттің аудан, тіпті ауыл әкімдерін лауазымынан босатуға құқығы бар. Мұндай заң нормаларын жою керек.

Президентті тым көп өкілеттігінен айыру еліміздегі саяси жаңғыру үдерісінің тек ілгері басуын қамтамасыз етеді. Ұсынылып отырған бастамалар «ойын ережесін» түбегейлі өзгертіп, қоғамды одан әрі демократияландыру үшін берік негіз қалыптастырады.

ЕКІНШІ. Әкілді билік тармағын қайта құру

Біз Президенттің өкілеттігін біртіндеп қысқарта отырып, Парламенттің рөлін айтарлықтай арттыруымыз керек. Сол арқылы мемлекетіміздің институционалдық тұғырын нығайтамыз. Шын мәнінде, елімізде өкілді билік тармағы мықты болуы қажет.

Халықтың сенім мандатына ие болған депутаттарға жоғары жауапкершілік жүктеледі. Олар мемлекетімізді өркендету ісіне белсене атсалысуға тиіс. Ең алдымен, Сенатты жасақтау тәртібін және оның бірқатар функциясын қайта қараған жөн.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ»

Қазіргі таңда Жоғарғы палата 49 депутаттан тұрады. Яғни әр өңірден екі сенатор сайланады және 15 сенаторды Президент тағайындайды. Мұндай құрылым аймақтардың ерекшелігін ескеруге және заң шығару үдерісіне Мемлекет басшысының тікелей ықпал етуіне мүмкіндік беріп келді. Өз уақытында бұл барынша озық әрі тиімді тәжірибе болды. Бірақ біз алға қарай қадам басуымыз керек.

Президенттің Сенаттағы квотасын бақылаудың құралы емес, Парламентте өкілдері аз әлеуметтік топтардың үні мен ой-пікірін ескеру тетігі ретінде қарастыран жөн. Осы орайда мен Президенттің Сенаттағы квотасын 15-тен 10 депутатқа дейін азайту туралы шешім қабылдадым. Оның бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясы қазіргідей сайламайды, тек ұсынатын болады.

Парламенттің Төменгі палатасында еліміздегі түрлі саяси көзқарастар көрініс табуға тиіс. Ешкімге жасанды артықшылық берілмеуі керек. Осылайша, біз Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжілістегі квотасын жоямыз. Менің ойымша, бұл – саяси жағынан да, заңдық тұрғыдан да дұрыс қадам. Бұл квота Сенатқа ауысады және 9-дан 5 депутатқа дейін кемиді. Соның нәтижесінде Мәжілістегі депутаттардың жалпы саны азаяды. «Аз болса да, саз болғаны» жақсы. Мұндай өзгеріс түрлі этностық топтарға мандат беріп, олардың үні Жоғарғы палатада естілуіне мүмкіндік жасайды. Жалпы, Сенаттың Жоғарғы палата ретінде жұмыс істеуін дұрыс әрі орынды деп санаймын.

Әлемде құрылымы унитарлы және Қазақстанға қарағанда халқы аз мемлекеттер жеткілікті. Соған қарамастан, бұл елдер қос палаталы парламент жасақтаған. Мысалды алыстан іздеудің қажеті жоқ, Еуропада да осындай тәжірибе бар.

Ал біздің Сенат әр өңіріміздің мүддесін қорғайтын палатаға айналғау тиіс. Соған сәйкес оның өкілеттігін реформалау қажет. Конституцияға сәйкес, Сенаттың Мәжіліс мақұлдаған заң жобаларын қабылдауға немесе қабылдамауға құқығы бар. Яғни Мәжіліс іс жүзінде Жоғарғы палатаның қарсылығын енсере алмайды. Негұрлым тепе-тең парламенттік жүйе қалыптастыру үшін бұл тәжірибені қайта қараған жөн.

Осы орайда Сенатқа Мәжіліс қабылдаған заңдарды тек мақұлдау немесе мақұлдамау құқығын беретін норма енгізген дұрыс деп санаймын. Соған сәйкес, заң қабылдау құқығы Мәжіліске ғана тиесілі болады.

Ал Сенаттың өкілеттігін Конституциялық кеңес пен Жоғары сот Кеңесінің төрағасы лауазымына ұсынылатын кандидаттарға келісім беру құқығымен толықтырған жөн. Бұл өзгеріс саяси жүйедегі тепе-теңдік және тежемелік механизмдерін елеулі түрде нығайта түседі, заң шығару үдерісін едәуір жеңілдетеді. Сонымен қатар Төменгі палатаның құзыретін кеңейту қажет.

Елімізде көптеген ауқымды жоба, бағдарлама бар. Бірақ түрлі себептерге байланысты оларды жүзеге асыру барысы көңіл көншітпейді. Сондықтан Парламент республикалық бюджеттің сапалы орындалуына бақылауды күшейтуі қажет.

Осы орайда Есеп комитетінің орнына Жоғары аудиторлық палата құруды ұсынамын. Оның төрағасы Мәжіліс депутаттары алдында жылына екі рет есеп беруге тиіс. Осылайша, Мәжілістің мәртебесі арта түседі.

Азаматтардың өкілді билікке деген сенімін нығайту үшін мәслихаттарға баса мән берген жөн. Мықты мәслихаттар өзекті мәселелердің шешімін табуға және аймақтардағы тұрмыс сапасын жақсартуға әсер ете алады. Олардың рөлін арттырып, дербестігін қамтамасыз ету үшін Мәслихат төрағасы лауазымын енгізген жөн.

Сондай-ақ мәслихаттардың ықпалын барынша күшейту үшін облыс әкімдерін тағайындау тәртібін өзгерту қажет деп санаймын. Қазір мәслихат депутаттары Мемлекет басшысы ұсынатын бір ғана кандидатураға келісім береді немесе келісім бермейді. Осы ретте заңнамаға Президенттің облыс және республикалық маңызы бар қала әкімі лауазымына кем дегенде екі кандидатураны баламалы негізде ұсыну құқығын реттейтін түзетулер енгізу қажет. Осылайша, Президент облыс және республикалық маңызы бар қала әкімдерін мәслихаттарда қарау нәтижесін ескеріп тағайындайды. Бұл – өңір басшылары жанама сайлау арқылы қызметке келеді деген сөз. Бірақ Мемлекет басшысының аймақ басшыларын мәслихаттардың келісімінсіз орнынан босату құқығы сақталады. Өкілді билік тармағын өзгерту жөніндегі бұл жаңашылдықтардың бәрі парламенттік мәдениеті жоғары және ықпалды халық қалаушыларды бар Жаңа Қазақстанды құруға бағытталған.



Инфографикалар – А.АЛДОНҒАР

ҮШІНШІ. Сайлау жүйесін жетілдіру

Саяси жаңғырудың басты мақсаты – азаматтардың мемлекетті басқару ісіндегі рөлін арттыру. Бұл жұмысты сайлау үдерісі арқылы да жүзеге асырамыз. Біз осыдан 15 жыл бұрын конституциялық реформа аясында Мәжіліс депутаттарын пропорционалды тәсілмен сайлауға көшітік. Ал 2018 жылдан бастап мәслихат депутаттарын да осы үлгімен сайлайтын болдық. Бұл қадамдар еліміздегі партиялық жүйені дамытуға тын серпін берді. Алайда оның жағымсыз тұстары да байқалды.

Партияда жоқ азаматтар Мәжіліске ғана емес, жергілікті өкілді органдарға да сайлана алмайтын болды. Мұны ашық мойындауымыз керек. Соның салдарынан халықтың сайлау науқанына қызығушылығы күрт төмендеді. Сайлауды керек қылмайтын адамдардың қатары көбейді. Олар өздерінің дауысы маңызды екеніне, ел өмірін жақсартуға ықпал ете алатынына сенбейтін болды. Ашығын айтсақ, қазір жұрт депутаттарды аса тани бермейді. Осындай жағымсыз жайттарды ескере отырып, мен аралас сайлау жүйесіне көшуді ұсынамын. Сол кезде барлық азаматтардың құқығы толық ескеріледі.

Пропорционалды-мажоритарлы үлгіде сайлаушылардың мүддесі ұлттық және өңірлік деңгейде толық көрініс табады. Мәжілістің депутаттық корпусының 70 пайызы пропорционалдық, 30 пайызы мажоритарлық тәсілмен жасакталатын болады.

Сонымен бірге аралас сайлау үлгісі облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы мәслихаттар сайлауына да енгізіледі. Сайлаудың осы тәсіліне оралу біз үшін өте маңызды. Бұл қадам – партиялардың Мәжіліс пен мәслихатқа өту шегін төмендету үшін осыған дейін қабылданған шешімнің заңды жалғасы.

Бұдан былай мажоритарлық жүйе бойынша әрбір аймақ Парламенттің Төменгі палатасына өзінің кемінде бір депутатын сайлай алады. Жаңа үлгі көзқарасы әртүрлі азаматтардың Мәжіліске келуіне мүмкіндік береді.

Сондай-ақ аудандар мен қалалардағы сайлауды толығымен мажоритарлық жүйеге көшіруді ұсынамын. Бұл жүйе жергілікті жерде бәсекелі саяси орта қалыптастырады. Оған қоса елдің алдында беделі бар жаңа тұлғалардың саясатқа келуіне жол ашады.

Императивті мандатқа көшу де депутаттардың сайлаушылармен өзара байланысын нығайта түседі. Бір сөзбен айтқанда, енді сайлау алдында берген уәдесін орындамаған депутатты кері қайтаруға болады. Бұл – халық қалаушыларына ықпал етудің тағы бір жолы. Осы ұстаным демократия дәстүрлерін едәуір нығайтады. Өзара жауапкершілік пен сенімге негізделген жаңа саяси мәдениетті қалыптастырады.

Пропорционалды және мажоритарлы жүйе қатар қолданылса, саяси партиялардың рөлі сақталады. Олар еліміздегі азаматтық қоғамның басты институттарының бірі ретінде қала береді. Сонымен бірге бұл жүйе сайлауды әділ өткізуге және мемлекетті тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Аралас сайлау үлгісі азаматтардың саяси белсенділігін арттырып, елімізді жаңғырту үдерісіне жұмылдыра түседі деп сенемін.

ТӨРТІНШІ. Партиялық жүйені дамыту мүмкіндіктерін кеңейту

Жаңа Қазақстанды құру ісі адал әрі еркін саяси бәсеке болуын қамтамасыз етуден бастау алады. Осыған байланысты, біз партияларды институционалдық және ұйымдастырушылық жағынан дамытуға барынша қолайлы жағдай жасауымыз керек.

Партияларды тіркеу ресімі едәуір жеңілдейді. Тіркеу шегін 4 есеге – 20 мыңнан 5 мың адамға азайтқан жөн. Өңірлердегі өкілдер саны 600-ден 200 адамға төмендетіледі. Партия құру үшін азаматтардың бастамашыл тобының ең төменгі саны үштен бірге, яғни 1000-нан 700 адамға азаяды. Сондай-ақ құрылтай съезін өткізуге және филиалдарды құруға берілетін уақыт көбейеді. Бұл мәселелерді либералдандыру еліміздегі саяси кеңістікті дамыту үдерісін едәуір жандандырады. Өз сайлаушыларының қордаланған проблемаларын сауатты жеткізіп, тиімді шешуге қабілетті жаңа партиялар пайда болады.

БЕСІНШІ. Сайлау үдерісін жаңғырту

Халықаралық тәжірибеде сайлауды ұйымдастыру жүйесі ұдайы өзгеріп отыратыны белгілі, яғни әділ және ашық сайлау өткізу үшін тиімді шешім іздеудің маңызы зор. Соңғы жылдарда бұл үдеріске ақпараттық және технологиялық факторлармен бірге, корона-вирус індеті де әсер етуде.

Көптеген ел дауыс берудің баламалы түрлерін пайдаланып жатыр. Яғни электронды, мерзімінен бұрын, қашықтан, көпкүндік дауыс беру тәсілдері кеңінен қолданыла бастады. Сондықтан әлемдегі үздік тәжірибелерді зерттеп, қажет болса, оны біртіндеп енгізген жөн.

Байланыс технологиялары қарқынды дамып жатқан қазіргі заманда кандидаттар мен партиялардың әлеуметтік желідегі белсенділігінің маңызы зор. Бірақ әлеуметтік желідегі үгіт-насихат қолданыстағы заңнама арқылы реттелмеген. Соған қарамастан, сайлау науқаны кезінде онда үгіт-насихат жұмыстары бәрібір жүргізіледі. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін тиісті регламент пен ережені бекіте отырып, әлеуметтік желіде үгіт-насихат жүргізуге заң бойынша рұқсат беруді ұсынамын.

Сондай-ақ байқаушылардың қызметін заңмен реттеу керек. Бұл институт та ашық сайлау жүйесінің ажырамас бөлігі саналады.

Демократия тарихы дегеніміз, ең алдымен, сайлау рәсімдерін жетілдіру тарихы. Сондай-ақ сайлау заңнамаларының сақталуын бақылау тарихы деуге болады. Осы орайда мен байқаушылардың құқықтары мен жауапкершілігі нақты белгіленуге тиіс деп санаймын.

Сайлауды ұйымдастыру және өткізу кезінде аумақтық сайлау комиссиялары да маңызды рөл атқарады. Былтыр ауыл әкімдерін тікелей сайлау жүйесі енгізілгені белгілі. Осыған байланысты сайлау науқаны бүкіл еліміз бойынша үздіксіз үдеріске айналды.

Енді аумақтық сайлау комиссияларының жұмыс тәсілін қайта қараған жөн. Олар бұл іспен кәсіби түрде айналысуы қажет. Біз бір азаматтың екі рет дауыс беруін болдырмауға тиіспіз. Сондай-ақ азаматтарымыз кез келген уақытте дауыс бере алуы керек. Сол үшін сайлаушылардың бірінғай электронды базасын құру мүмкіндігін қарастыру қажет. Жекелеген тұлғалардың сайлау барысына ықпал етуіне жол бермеу үшін сайлау қорына салынатын қаржының жоғарғы шегін нақтылау керек. Конституция және халықаралық құқық бойынша Қазақстандағы кез келген сайлау – біздің ешкім араласуға қакы жоқ ішкі ісіміз. Бірақ бұл норма сайлау нәтижесіне шетелден ықпал етуге әрекет жасау ықтималдығын жоққа шығармайды.

Қазір әлемде түрлі гибридті қауіптер, оның ішінде сайлау технологияларын қолдану арқылы жасалатын қатерлер көбейіп келеді. Осы және басқа да жайттарды ескере отырып, елімізде өтетін сайлауларға шетелдердің араласуына

қандай да бір мүмкіндік бермеу үшін заңнамалық деңгейде нақты шаралар қабылдауға тиіспіз. Сол үшін, ең алдымен, кандидаттардан бастап байқаушылар мен БАҚ-қа дейін сайлау науқанына қатысушылардың бәрінің қаржылық қызметі барынша ашық болуын қамтамасыз етуіміз керек.

АЛТЫНШЫ. Құқық қорғау институттарын күшейту

Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар. Ата Заңымыз – еліміздің бүкіл құқықтық жүйесінің тірегі. Алайда белгілі бір заң актісі немесе шешім оған сай келе ме деген сұраққа нақты жауап беру қиындық тудыратын кездер болады.

Қазақстандағы түрлі құқық нормаларын Конституциялық кеңес түсіндіреді. Бірақ азаматтар осындай түсініктеме алу үшін бұл органға тікелей жүгіне алмайды.

Көптеген мемлекетте Конституциялық сот институты бар. Оған кез келген адам өзінің сауалын жолдай алады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мұндай орган Қазақстанда болған. Сарапшылар Ата Заң ережелерінің мүлтіксіз сақталуын осы мекеме тиімді қамтамасыз етеді деп санайды. Соны ескере отырып, мен елімізде Конституциялық сот құруды ұсынамын.

Бас прокурор мен Адам құқығы жөніндегі уәкілге де Конституциялық сотқа жүгіну мүмкіндігін берген жөн. Бұл бастамалар әділ әрі құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадам болады деп сенемін. Сондай-ақ институционалдық тұрғыдан тепе-теңдікті сақтауға ықпал етеді. Оған қоса азаматтарымыздың конституциялық құқығының қорғалуын жақсарту түседі.

Азаматтардың іргелі құқықтарын қорғау мәселесіне менің айрықша мән беретінімді баршаңыз білесіздер. Еліміз 2020 жылы өлім жазасына тыйым салуды көздейтін Азаматтық және саяси құқықтар туралы екінші факультативтік хаттамаға қосылды. Ал былтыр мен бұл саланы ұзақ мерзімде және кешенді түрде дамытуға бағытталған Адам құқықтары саласындағы одан арғы шаралары туралы Жарлыққа қол қойдым. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің қатысуымен бұдан басқа да бірқатар заманауи бастамалар жүзеге асырылды.

Дегенмен құқық қорғау мәселелері үнемі жетілдіріліп отыруды қажет етеді. Сондықтан өлім жазасына тыйым салу туралы шешімді біржола бекіту үшін Конституцияға тиісті өзгеріс енгізу қажет деп санаймын.

Азаптауға байланысты қылмыстарды тергеу ісінде жүйелі ұстаным болуы маңызды. Қазіргі таңда осы мәселеге жауапты нақты бір орган жоқ. Мұндай жағдай белгілі бір тәуекелдер туындауы мүмкін. Сондықтан бұл құзыретті Бас прокуратураға беруді ұсынамын. Осындай ұстаным тергеудің объективті және бейтарап жүргізілуін қамтамасыз етіп, құқық қорғау саласындағы басыздықты жазасыз қалдырмау қағидатын бекіте түседі.

Сонымен бірге қоғамдағы зорлық-зомбылық деңгейін төмендету үшін жүйелі шаралар қабылдау керек. Бұл ретте, отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтармен тиімді күресу маңызды рөл атқарады.

Бүгінде азаматтар мен қоғам белсенділері әйелдерге және балаларға зорлық-зомбылық көрсеткендердің жазасын қатайту қажеттігін жиі айтып жүр. Мен бұған дейін мұндай құқық бұзушылықтарды қылмыс санатына жатқызудың орынды, я орынсыздығын анықтау туралы нұсқау бергенмін. Бас прокуратураға бұл мәселені жан-жақты зерделеп, біржола шешуді тапсырамын.

Мен Прокуратура және Адам құқығы жөніндегі уәкіл туралы конституциялық заңдар қабылдау қажет деп санаймын. Бұл құжаттар заң тәртібін күшейту және құқық қорғау қызметін ұдайы жетілдіру үшін қажет.

Барлық деңгейдегі соттар, шын мәнінде, тәуелсіз, ашық және кәсіби болмаса, заң үстемдігін қамтамасыз ету мүмкін емес. Мемлекет осыған орай ауқымды жұмыс жүргізуде.

Кадр іріктеудің жаңа жүйесі енгізіліп, сот үдерісі мен рәсімдерінің ашықтығы біртіндеп арта түсуде. Бұл ретте, Жоғары Сот Кеңесі маңызды рөл атқарады. Осы құрылым Президенттің соттарды жасақтау жөніндегі конституциялық өкілеттігін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ судьялардың тәуелсіздігіне және оларға ешкімнің қол сұқпауына кепілдік береді.

Кеңестің қызметі қоғам үшін толық ашық болуы өте маңызды. Бұған Жоғары сот кеңесінің конкурстық рәсімдерінен онлайн трансляция жасау арқылы қол жеткізуге болады. Сонымен қатар мұндай конкурстардың қорытындыларын нақты дәлелмен түсіндіріп, жариялап отырған жөн.

Алқабилер сот төрелігін жүзеге асыруға қоғам өкілдерінің кеңінен қатысуына жол ашады. Қазақстанда алқабилер тек аса ауыр қылмыстар бойынша үкім шығара алады. Біз бұл саланы одан әрі дамытып, алқабилердің қарауына берілетін істердің санатын кеңейтеміз. Бұл жаңашылдық сот жүйесін демократияландыруға және оған қоғамның сенімін арттыруға мүмкіндік береді.

ЖЕТІНШІ. Бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілетін арттыру және азаматтық қоғам институттарының рөлін нығайту

Бұқаралық ақпарат құралдары бәсекеге қабілетті және еркін болуы керек. Бұл қағидат қазір кез келген өркениетті ел үшін айрықша маңызды. Отандық ақпарат құралдарының Қазақстанда, өңірде және әлемде болып жатқан үдерістер туралы өз көзқарасы болуға тиіс.

Еліміздің ақпараттық қауіпсіздігі тіпті идеологиялық дербестігі осыған тікелей байланысты. Мемлекет ашық ақпараттық кеңістік пен сұранысқа ие әрі пәрменді ақпарат құралдарын құруға айрықша назар аударады. Бұқаралық ақпарат құралдары билік пен халықтың арасындағы тиімді байланыс арнасы бола отырып, елдегі қордаланған мәселелерді көтере алады және көтеруге міндетті. Бірақ мұны жоғары азаматтық жауапкершілікпен жасау керек.

Біздің қоғамымызды ыдырату үшін сырттан берілетін тапсырыстармен жұмыс істеуге немесе көлеңкелі қаламақы үшін саяси қландардың астыртын тартысына қатысуға болмайды.

Журналистер өз еліне және азаматтарына шынайы жанашыр болуға тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдары бекерден бекер «төртінші билік» атанбаса керек. Сол себепті сіздер жұрттың санасы мен сезіміне ықпал ету мәселесіне мұқият қарағандарыңыз жөн. Мен мұны журналистер қауымына арнайы айтып отырмын.

Тәуелсіз әрі жауапкершілігі жоғары бұқаралық ақпарат құралдары болмаса, қоғамды одан әрі демократияландыру мүмкін емес екеніне сенімдімін. Сондықтан мемлекеттің мүддесін, қоғамның сұранысын және медиасаланың даму үрдісін ескере отырып, БАҚ туралы заңды қайта қарау керек.

Қоғамдық ұйымдардың қызметі елімізді орнықты және жан-жақты дамытудың тағы бір маңызды факторы саналады. Үкіметтік емес ұйымдар маңызды әлеуметтік мәселелерді ұдайы көтеріп, оларды кешенді түрде шешуге септігін тигізіп келеді.

Қазір Қазақстанның алдында тұрған міндеттер мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың тығыз ынтымақтастықта жұмыс жүргізуін, азаматтық қоғам институттарын жүйелі түрде жаңғыртуды талап етеді.

Реформаларды әзірлеу және оны жүзеге асыру ісіне қоғамдық ұйымдар мен белсенді азаматтарды барынша тарту қажет. Сол үшін, ең алдымен, ұлттық жобалар мен стратегиялық құжаттардың бәрі ашық талқылануын қамтамасыз ету керек. Бұл мәселе бойынша жасанды пікірталас өткізіп, көзбояушылық жасауға болмайды.

Біз елімізде азаматтық белсенділікті жандандыруымыз керек. Мемлекет пен қоғамның саналы әрі сындарлы серіктестігіне жол ашуымыз қажет. Сол себепті орталық және жергілікті органдардың, квазимемлекеттік сектордың жанындағы қоғамдық кеңестерді дамытып жатырмыз. Мен бірнеше рет олардың қызметіне қатысты сын айтқан болатынмын.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ»

← 1,6-7

Дегенмен бұл кеңестердің орасан зор институционалдық әлеуеті бар. Соны толығымен жүзеге асыру керек.

Биыл менің бастамам бойынша осы кеңестердің құрамы және жұмыс жоспары түбегейлі жаңаратын болады. «Кеңесіп пішкен тон келте болмас» деген нақыл сөз бар. Бабаларымыз ел тағдырын айқындайтын тарихи шешімдерді бүкіл халық болып ақылдасып, бірге қабылдаған.

Ұлытауда, Ордабасы мен Күлтөбеде өткен ұлы басқосулар – соның айқын дәлелі. Келелі жиында айтылған кесімді сөзге алты Алаштың баласы түгел тоқтаған. Біз бірліктің бастауы болған осы дала демократиясының дәстүрін жаңғыртуымыз керек.

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі өз міндетін табысты атқарды. Енді оның орнына құрамы жағынан ауқымды Ұлттық құрылтай құруды ұсынамын. Жаңа құрылым Ұлттық кеңестің қызметін жалпыхалықтық деңгейде жалғастырады.

Құрылтай қоғамдық диалогтың біртұтас институционалдық моделін қалыптастыруға тиіс. Сөйтіп, билік пен халықтың арасындағы дәнекерге айналатын болады. Қазіргі қоғамдық кеңестердің бәрін өз айналасына топтастырады.

Ұлттық құрылтайдың құрамында еліміздегі барлық аймақтың өкілдері болады. Сондай-ақ оған Парламенттің бірқатар депутаты, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Азаматтық альянстың, қоғамдық кеңестер мен ұйымдардың мүшелері, беделді қоғам қайраткерлері, өндіріс және ауыл шаруашылығы еңбеккерлері, бизнес өкілдері және тағы басқа азаматтар кіреді. Осылайша, сан түрлі қоғамдық пікір иелерін түгел қамтитын өкілді құрылым қалыптасады. Ұлттық құрылтай мүшелері маңызды мәселелерді талқылау үшін тұрақты түрде бас қосып отырады.

СЕГІЗІНШІ. Еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіру

Сайлау жүйесіне, Парламентті жасақтау тәртібіне өзгеріс енгізген кезде елдің әкімшілік-аумақтық құрылымын ескеру керек. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бірнеше облыс біріктірілді. Оның сол кездегі саяси және экономикалық ахуалдан туындаған өзіндік себептері болды.

Қазір Қазақстан дамудың келесі кезеңіне қадам басты. Әлеуметтік-экономикалық және демографиялық ахуал мүлде басқа. Бүгінгі сын-каторлер де, міндеттер де бөлек.

Мемлекетіміздің өркендеуі аймақтардың қуатты болуына тікелей байланысты. Мен бұл мәселеге 2019 жылғы Жолдауымда кеңірек тоқталдым. «Қуатты өңірлер – қуатты ел» деген ұстаным әрдайым өзекті. Осы орайда, еліміздегі әкімшілік-аумақтық құрылымның оңтайлы болуы өте маңызды. Бұған дейін Шымкент республикалық маңызы бар қалаға айналды. Облыс орталығы Түркістан қаласына көшірілді. Сонымен бірге Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан облысы деп аталды. Бұл қай жағынан алсақ та, дұрыс қадам болды. Оны халық өте жылы қабылдады. Мен «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаламда осы үрдіс жалғасатынын айтқан едім.

Содан бері азаматтарымыздан көптеген ұсыныс келіп түсті. Менің тапсырмам бойынша оның бәрі мұқият зерделенді. Халықтың қалауын ескеріп, бүгін бірқатар бастама көтергелі отырмын.

Ең алдымен, Семей аймағында Абай облысын құруды ұсынамын. Семей қаласы жаңа облыстың орталығы болады. Осы мәселені аймақ тұрғындары көптен бері айтып жүргенін білемін. Қазір ол жақта шешімін таппаған түйткілдер аз емес. Мысалы, аймақтың ішкі инфрақұрылымы әбден тозған. Кезінде Алаш арыстарының басын қосқан Семей қаласының жағдайы да мәз емес. Біз тарихи әділдікті орнатып, ұлыларымыз дүниеге келген киелі өлкені қайта жаңғыртуға тиіспіз.

Тағы бір мәселе. Бұрынғы Жезқазған облысының аумағында Ұлытау облысын құру қажет. Жезқазған қаласы қайтадан облыс орталығы болады. Бұл аймақта дербес облыс құру – экономикалық қана емес, рухани жағынан да маңызды шешім.

Кең-байтақ қазақ жерінің дәл жүрегінде орналасқан Ұлытаудың төл тарихымыздағы орны ерекше. Ел тағдыры

шешілген ұлы жиындар осында өткен. Сарыарқаның төрінде орналасқан бұл аймақтың туристік әлеуеті өте зор. Оның өндірістік қуатын, логистикалық мүмкіндігін ұтымды пайдалану керек. Бір сөзбен айтқанда, біз Ұлытау аймағының дамуына жол ашамыз.

Үшінші мәселе. Алматы агломерациясына қатысты түйткілдер көп. Облыс тұрғындары негізінен қала төңірегіне шоғырланған. Ұзынағаштағы немесе Талғардағы мәселені сонау Талдықорғанда отырып шешу оңай емес. Облыс орталығына бару үшін халықтың алысқа сабылуына тура келеді. Осы және басқа да жайттарды ескере отырып, Алматы облысын екіге бөлуді ұсынамын.

Бұл өңірде Жетісу және Алматы облыстары құрылады. Алматы облысының орталығы Қапшағайда болуы керек. Ал Жетісу облысының орталығы Талдықорғанда орналасады. Бұл қадамдар аймақтарды дамыту ісіне тың серпін береді деп санаймын.

Жалпы, жаңа облыстардың құрылуы – көпшіліктің көкейінде жүрген мәселе. Кезінде облыс мәртебесінен айырылған өңірлерде тұрғындар саны азайып, тұрмыс сапасы төмендеп кеткені жасырын емес. Осы олқылықтың орнын толтыратын кез келді.

Әкімшілік-аумақтық өзгерістер мемлекеттік басқару үдерісін жеңілдетеді. Жұрттың облыс орталығына барыс-келісін оңайлатады. Ішкі көші-қон мәселесін реттеуге септігін тигізеді.

Жаңадан құрылатын облыстардың Абай, Ұлытау, Жетісу деп аталуының ерекше мәні бар. Біз ұлан-ғайыр жеріміздің байырғы атауларын, ұлы тұлғаларымыздың есімін ұрпақ санасында жаңғырта береміз. Мәселен, Қапшағай қаласы халқымыздың біртуар перзенті – Дінмұхамед Қонаевтың есімімен тығыз байланысты. Егер жұртшылық Қапшағайға Қонаевтың есімін беру керек деп ұсыныс айтса, мен бұл пікірге қосыламын. Мен мұның бәрін азаматтардың ұсыныс, пікірлеріне сүйеніп айтып отырмай, Жергілікті тұрғындар жаппай қолдаса, осы бастамаларды таяу арада жүзеге асыруға болады деп санаймын.

Үкіметке әкімшілік-аумақтық құрылымға қатысты мәселелерді мұқият саралап, оны іске асыру жолдарын ұсынуды тапсырамын. Бұл – оңай шаруа емес. Оның бәрін жан-жақты ойластырып, байыппен жасауымыз керек. Бұл ұсыныстар облыс және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері аппаратындағы мемлекеттік қызметшілер санын онтайландыру жөнінде шаралар қабылдауға да мүмкіндік береді. Оларды қысқарту өңір тұрғындарының санына қарай жүзеге асырылады. Қалай болғанда да, әкімнің орынбасарлары үшеуден аспауы керек. Ерекше жағдайда ғана төртіншісіне рұқсат беріледі. Президент Әкімшілігі бұл мәселені бақылауына алуға тиіс.

ТОҒЫЗЫНШЫ. Жергілікті өзін-өзі басқаруды орталықсыздандыру

Билікті орталықсыздандыру үдерісін тереңдете түспесек, саяси жаңғыруды табысты жүргізу және азаматтық қоғамды дамыту мүмкін емес. Біз нақты өкілеттіктерді орталықтан өңірлерге беру ісін жалғастырамыз. Ең алдымен, мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару институттарының міндеттерін тиімді ажырату қажет.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың мықты жүйесі азаматтардың өзі тұратын жердегі тұрмыс сапасын жақсартуға тікелей қатысуына негіз болатынын түсінуіміз керек. Өз қаласы, ауданы мен ауылына деген жауапкершілікті мойнына алуға қазақстандықтардың қашанда дайын екені анық. Адамдарды жете бағаламауға болмайды. Оларға қолдарынан келетін өкілеттіктерді беруден қорықпаған жөн.

Саяси жаңғыру аясында мәслихаттар жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі буынына айналуға тиіс. Бүгінде олар жергілікті мемлекеттік басқару әрі жергілікті өзін-өзі басқару институты ретінде гибридіті сипатқа ие болып отыр. Сондықтан мәслихаттардың өкілеттігін нақты белгілеу қажет.

Өңірлерді қаржыландыру жүйесін түбегейлі қайта қараған жөн. Қазіргі кезде ауылдық округтер жоғары тұрған әкімдерге толығымен тәуелді. Сондықтан мардымызсыз қолдауға ие болуда. Әкімдер сайланатынын ескеріп, халықаралық озық тәжірибеге сәйкес, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын тікелей қаржыландыру тәсілін енгізген дұрыс болар еді.

Сондай-ақ олардың меншік базасын

едәуір кеңейту қажет. Олар елеулі ресурстар иеленген соң ахуалға ықпал етеді, сонымен қатар жауапкершілік алады. Олай болмаған жағдайда, бұл өзін-өзі басқару емес, жай ғана алдамшы нәрсе болып шығады. Осыған байланысты қажетті дайындық жұмыстарының бәрін биылғы жылдың ортасына дейін аяқтау керек.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары үшін мемлекеттік сатып алу тәртібін жеңілдету, бюрократия мен формализмді жою маңызды қадам болмақ. Үкіметке Президент Әкімшілігімен бірлесіп, берілген тапсырмаларды жүзеге асыру тәсілдерін пысықтауды және соның бәрін «Өзін-өзі басқару туралы» заңды әзірлеу кезінде ескеруді тапсырамын. Сонымен қатар бұл саладағы халықаралық базалық құжат болып саналатын Жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық хартиясын Қазақстанның ратификациялауы мәселесін пысықтау қажет. Бұл шаралардың барлығы өз айналасындағыларды жұртшылықты толғандырған проблемаларды тиімді шешу ісіне жұмылдыра алатын, нағыз беделді, жауапкершілігі мол жергілікті қожбасшылардың шығуына септігін тигізетін болады.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің нығая түсуі өңірлерді дамыту, масылдық көңіл күйді төмендету және еліміздегі демократиялық өзгерістерді орнықтыру үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

ОНЫНШЫ. Дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін шаралар туралы

Геосаяси ахуалдың қатты ушығып кетуіне байланысты Қазақстан қазіргі тарихымызда болып көрмеген қаржылық-экономикалық қиындықтарға тап келіп отыр. Қатаң санкциялық тайталас қазірдің өзінде жекелеген елдерді ғана емес, тұтас жаһандық экономиканы елеулі шығынға ұшыратуда. Ахуал жедел, тіпті сағат сайын өзгеруде. Әлемдік нарықта белгісіздік пен тұрақсыздық өршуде. Өндірістік және сауда жүйелері құлап жатыр. Бірақ соған бола байбалам сақтау негіз жоқ. Біздің елімізде ауқымды дағдарысты еңсеруге қажетті резервтер мен амал-тәсілдердің бәрі бар.

Үкімет дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін кешенді шаралар топтамысын тез арада жүзеге асыруға міндетті. Ең алдымен, ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету керек. Бұл – біздің экономикалық қауіпсіздігіміздің негізгі факторы.

Соңғы кездегі оқиғалар теңге бағамына орасан зор қысым жасалғанын көрсетті. Мұны өздеріңіз де көріп отырсыздар. Валюта нарығындағы тұрақсыздық жұрттың үрейленуіне, капиталдың елден шығарылуына, трансшекаралық «жасырын» ақша аударылымдарына байланысты болып отыр. Сондықтан, қаржы саласында өршіп тұрған жасанды сұранысты, соның ішінде сырттан келген сатып алушылардың белсенділігінен туындаған сұранысты азайту қажет.

Алдыңғы күні мен валютаны шетелге шығаруға шектеу енгізетін Жарлыққа қол қойдым. Ірі институционалдық құрылымдар шетел валюталарын тек өздерінің шарттық міндеттемелерін орындау аясында ғана сатып алып, сұранысты қамтамасыз етуі керек. Мемлекеттің қатысуымен экспорттық валюта түсімдерін сату көлемін арттыру мәселесін пысықтаған жөн. Жер қойнауын пайдаланушы жеке сектордың да өз валюта түсімдерін сатуын күтемін.

Екінші деңгейдегі банктер өздерінің шарттық міндеттемелерін орындау барысында клиенттерінің валюта алуына бақылау және мониторинг жүргізуге тиіс. Банктердің осы талаптарды сақтауына қатаң бақылау жасаған жөн. Нарықтағы алаяқтық әрекеттер ешқашан да қорымыздағы қаржыны орынсыз «жаратуға» түрткі болмауға тиіс.

Үкімет, Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бұл бағытта шешуші шаралар қабылдауы керек. Жалпы, ұтымды шешімдер қажет. Аса тұрақсыз халықаралық жағдай қалыптасқан қазіргі кезде еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызы зор. Украинадағы оқиғалар азық-түлік бағасының күрт өсуіне әкеп соқтырды. Таяу уақытта бұл бағалар шарықтап кетуі де әбден мүмкін.

Осыған орай егіс ету науқанын сапалы өткізуге баса назар аударылады. Бірақ көптеген шаруа егіске әлі дайын емес. Үкімет пен әкімдіктер бұл жұмысты ерекше бақылауға алуға тиіс. Шаруалардың қажетті жанар-жағармайды қолайлы

бағамен алуын қамтамасыз ету керек. Ауыл шаруашылығы техникаларының дайындығын, тұқым мен тыңайтқыш қорларын қайта тексерген жөн. Бірқатар өңірдегі жауын-шашынның аздығы егіннің шығымын мандытпай, жемшөптің жетіспеуіне әкеп соқтыруы мүмкін екенін ұмытпайық.

